

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ
қаржылық индикаторлар үшін
БҚКХҰ (IOSCO) негіз қалаушы
қағидаттарын сақтауы туралы
ЕСЕП**

Алматы қ.

2024

1. Кіріспе

2013 жылдың 17 шілдесінде Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (БҚКХҰ) жариялаған "Қаржы индикаторларына арналған қағидаттар" құжатында (бұдан әрі – Қағидаттар не БҚКХҰ қағидаттары) қаржы нарықтарында пайдаланылатын индикаторларға арналған қағидаттардың базалық жүйесі ұсынылған. Осы Қағидаттар қаржылық индикаторлар әкімші ұйымдар (бұдан әрі – Әкімшілер) сақтауға тиіс ережелерді белгілейді.

БҚКХҰ қағидаттарының талаптарына сәйкес Әкімшілер жыл сайын олардың көрсетілген Қағидаттарды сақтау дәрежесі туралы ақпаратты ашуға міндетті. Осы құжат (бұдан әрі – Есеп) "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (бұдан әрі – Биржа не KASE) өзінің индекстері мен индикаторларына (бұдан әрі – Индекстер мен индикаторлар немесе Индикаторлар) қатысты БҚКХҰ қағидаттарын сақтауы туралы есепті білдіреді.

2. Әкімшінің сипаттамасы

Биржа акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады. Биржа заңды тұлға ретінде бастапқы мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап 1993 жылдың 30 желтоқсанында заңды тұлға мәртебесіне ие болды.


Биржа қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органның лицензиялары негізінде мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет (2012 жылдың 19 шілдесіндегі № 4.2.3/1 лицензия);
- бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызмет (2012 жылдың 19 шілдесіндегі № 4.2.3/1 лицензия);
- ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізу (2020 жылдың 30 қаңтарындағы № 4.3.8 лицензия).

Биржа барлық қызметтер тізбесін ұсынады: мүшелік, листинг, сауда-саттық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтер (есеп айырысулар, орталық контрагент), нарықтық ақпаратты тарату, сондай-ақ сонымен бір мезгілде Биржа Биржаның сауда-саттық жүйесінен және Биржаның бэк-офис жүйесінен алынған деректерге сүйене отырып есептелетін Индекстер мен индикаторлар әкімшісі ретінде әрекет етеді. Биржа индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесін жалпы басқаруға жауапты болады.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігі (бұдан әрі – ҚНРДА) жүзеге асырады. Биржаның қызметі бағалы қағаздар нарығы, акционерлік қоғамдар, банктер және банк қызметі туралы заңдардың және Биржаның қызметіне қатысты басқа да заң актілерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Төменде Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесіне жататын Биржаны басқару құрылымы берілген:



"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және/немесе Биржаның жарғысымен Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Биржаның басқару органы Биржаның Директорлар кеңесі болып табылады.

Биржа Басқармасы Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына және Биржа Директорлар кеңесіне есеп беретін, Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржа жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған Биржа қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы Биржаның алқалы атқарушы органы болып табылады.

Биржа Басқармасының құзыретіне, оның ішінде Индекстер мен индикаторларды есептеу әдістемелерін бекіту, сондай-ақ Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитеттің қағидасын бекіту жатады.

Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитеттің – Биржаның басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы органның міндеттері индекстер мен индикаторларды есептеу үшін тізімдер мен параметрлерді қалыптастыру, сондай-ақ қор және ақша нарықтарының

индикаторларын есептеу әдістемелерін жетілдіру мәселелері бойынша сараптамалық тезистерді қалыптастыру болып табылады.

Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру және тарату процестерін қамтамасыз етуге Биржаның биржалық ақпаратты жинауға және өңдеуге жауапты құрылымдық бөлімшесі жауапты болып табылады.

Биржаның индекстер мен индикаторларды қалыптастыруына және таратуына байланысты Биржаның ақпараттық жүйелерін техникалық сүйемелдеуге ақпараттық технологиялар бөлімшесі жауапты болып табылады.

Индекстер мен индикаторларды қалыптастыруға байланысты Биржаның ішкі құжаттарына, индекстер мен индикаторларды қалыптастыруға байланысты Биржаның алқалы органдарының жұмысына Биржаның заң бөлімшесі жауапты болып табылады.

Биржа қызметінің үздіксіздігін басқарудың кешенді жүйесін әзірлеуге және сүйемелдеуге, сондай-ақ Биржа тәуекелдерін сәйкестендіруді, бағалауды, бақылауды және мониторингті жүзеге асыруға Биржаның тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі жауапты болып табылады.

Биржа қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Биржадағы мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау, реттеу және мониторингті жөніндегі іс-шараларды жүргізуге Биржаның Комплаенс-қызметі жауапты болып табылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының купонсыз кірістілік қисығын қалыптастыру процесінде тәуелсіз қадағалау функциясын орындау шеңберінде Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет – Биржа Басқармасының шешімімен құрылатын, оның міндеті қаржы нарықтарындағы ахуалға байланысты тәуекелдерді талдау, мониторингтеу, анықтау және басқару болып табылатын, қалыптастыру және қызметін жүзеге асыру тәртібі Биржаның ішкі құжатымен анықталған Биржаның тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы жүзеге асырады.

Биржаның индекстер мен индикаторларды қалыптастыруы және таратуы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және өзге де қаржы ұйымдарының, өзін-өзі реттейтін ұйымдардың, жеке және институционалдық инвесторлардың, бағалы қағаздар эмитенттерінің, ақпараттық және рейтингтік агенттіктердің, инфрақұрылымдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, реттеуші органдардың, сондай-ақ индекстер мен индикаторлардың мәнін өз мақсатында пайдаланатын өзге де тұлғалардың (бұдан әрі – Мүдделі тұлғалар) сұранысы мен қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

3. Биржаның индекстері мен индикаторлары

Биржа қалыптастыратын және сүйемелдейтін Биржаның индекстері мен индикаторлары кез келген Мүдделі тұлғалар өз мақсаттары үшін пайдаланатын қор және ақша нарықтарының индекстері мен индикаторларын қамтиды.

Қор нарығы мынадай индекстермен және индикаторлармен ұсынылған:

KASE акциялар нарығының индексі;

Корпоративтік облигациялар нарығының индекстері;

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының индекстері;

Қазақстан Республикасының индекстелмеген мемлекеттік бағалы қағаздарының (бұдан әрі – МБҚ) купонсыз кірістілік қисығы.

Ақша нарығы мынадай индекстермен және индикаторлармен ұсынылған:

Репо нарығы бағалы қағаздармен репо ашу операциялары, бөлінген себеттер мөлшерлемелерінің есептік көрсеткіштерімен ұсынылған

Валюталық своптар нарығы бір және екі күндік мерзіммен валюталық свопты ашу операциялары мөлшерлемелерінің есептік көрсеткіштерімен ұсынылған

Валюта нарығы қазақстандық теңгеге қатысты валюта бағамын көрсететін валюталық фиксингтер түрінде ұсынылған.

Биржа индекстер мен индикаторларды жетілдіру, тиісті Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру әдістемелерін дамыту және жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс істейді.

Индекстер мен индикаторлар Биржа Басқармасы бекітетін, кез келген мүдделі тұлғалардың танысу мүмкіндігі үшін Биржаның ресми интернет-ресурсында жарияланатын Әдістемелерге сәйкес есептеледі.

Биржаның индекстері мен индикаторларының тізбесі мен сипаттамасына Биржаның ресми сайтында ашық қол жеткізуге болады:

- https://kase.kz/ru/stock_market/
- https://kase.kz/ru/money_market/
- <https://kase.kz/ru/gsecs/>

Осы есепті дайындау күніне Биржа мынадай индекстер мен индикаторларды есептеуді жүзеге асырады:

ҚОР НАРЫҒЫНЫҢ ИНДЕКСТЕРІ:

KASE индексі	Қазақстан Республикасының резиденттері - неғұрлым ірі және қаржылық орнықты компаниялар шығарған Биржаның ресми тізімінің неғұрлым өтімді акцияларының индексі;
KZGB_CP индекстері	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған және KASE-де айналыста болатын мемлекеттік бағалы қағаздардың таза баға индекстерінің сериясы;
KZGB_DP индекстері	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған және KASE-де айналыста болатын мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық кіріс индекстерінің сериясы;
KZGB_Y индекстері	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған және KASE-де айналыста болатын мемлекеттік бағалы қағаздардың кірістілік индикаторларының сериясы;
KASE_BMC индексі	KASE ресми тізімінің Негізгі алаңының корпоративтік облигацияларының таза баға индексі;
KASE_BMY индикаторы	KASE ресми тізімінің Негізгі алаңының корпоративтік облигациялар кірістілігінің индикаторы;
KZGB_CPm1m	жинақталған және төленбеген купондық сыйақы ескерілмеген бағалар бойынша есептелетін мемлекеттік бағалы қағаздардың "таза" бағаларының баға индексі;
KZGB_DPM1m	мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық кірісінің баға индексі (есептелген және төленген купондық төлемді ескере отырып);
KZGB_Ym1m	табыстылық көрсеткіші, жылдық пайызбен;
KASE_ESGB_CP	негізгі және балама алаңдарға KASE ресми тізіміне енгізілген облигациялардың ESG "таза" бағаларының индексі;
KASE_ESGB_DP	негізгі және балама алаңдарға KASE ресми тізіміне енгізілген облигациялардың "лас" бағаларының ESG индексі;
KASE_ESGB_Y	облигациялардың ESG индексінің кірістілік индикаторы (жылдық пайызбен).

АҚША НАРЫҒЫНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ:

TONIA	Еуропалық қайта құру және даму банкінің және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қатысуымен ақша нарығының индикаторлары бойынша жұмыс тобы шеңберінде нарыққа қатысушылар таңдаған өтеу мерзімі бір күн болатын МБҚ себетімен репо операциялары бойынша тәуекелсіз пайыздық мөлшерлеме;
TRION	өтеу мерзімі бір күн Орталық контрагенттің қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ себетімен репо операциялары бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме;
TWINA	жеті күн өтеу мерзімімен МБҚ себетімен орташа алынған репо пайыздық мөлшерлемесі;
SWAP-1D (USD)	бір күнге USD/KZT валюталық своп кірістілігі;
SWAP-2D (USD)	екі күнге USD/KZT валюталық своп кірістілігі;

TCI	TONIA композиттік индексі;
TCR_1m	бір айға TONIA құрамдас мөлшерлемесі;
TCR_3m	үш айға TONIA құрамдас мөлшерлемесі;
TCR_6m	алты айға TONIA құрамдас мөлшерлемесі;
REPGCC_1D	бір күнге мүлдіктік пулдың клирингілік қатысу сертификаты бар орташа сараланған репо мөлшерлемесі;
МБҚ қисығы	Қазақстан Республикасының МБҚ бойынша пайыздық мөлшерлемелердің уақытша құрылымы әдісімен ұсынылған МБҚ-ның купонсыз кірістілігі.

ВАЛЮТА НАРЫҒЫНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ:

USD/KZT_TOM	Астана қаласы уақытымен сағат 15.30-да АҚШ долларының қазақстандық теңгеге орташа сараланған бағамы;
USD/KZT_TOM	сауда-саттық күнінің қорытындысы бойынша АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа сараланған бағамы.

КОМПОЗИТТІК ИДЕКСТЕР:

MM Index	бір күнге USD/KZT репо және валюталық своп мөлшерлемелері бойынша композиттік индикатор;
MBM Index	ақша нарығының және МБҚ нарығының ақша нарығының (TCI) 25% және жиынтық табыс индексінің (KZGB_DPm1m) 75% салмағы бар эталондық портфельдің динамикасын көрсететін композиттік индексі

4. Биржаның БҚКХҰ әзірлеген "Қаржы индикаторларына арналған қағидаттар" құжатын қолдану тәсілі

Биржа БҚКХҰ қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін бақылау процедуралары мен құралдарын келтіру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады.

Басқару құрылымы және бақылау жүйесі (1-5, 14-15-қағидаттар)

Биржа өз жұмысында келісілген құрылым шеңберінде қызметті басқаруды қамтамасыз ету үшін әзірленген тәуекелдер саласындағы өзара байланысты саясаттар, процестер мен процедуралар кешеніне сүйенеді. Биржада техникалық сипаттағы іркілістерді, сондай-ақ кеңселік инфрақұрылымның дұрыс жұмыс істеуіне байланысты іркілістерді қамтитын және бизнестің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары бар. Биржа Басқармасы ішкі бақылау жүйесі және операциялық тәуекелдер бойынша есептерді мерзімді қарайды.

Ақпарат және статистика департаменті Индикаторларды қалыптастыру процесінің әкімшілік және есептік функцияларының орындалуына жауап береді және Биржа Басқармасы алдында есеп береді. Индекстер және индикаторлар жөніндегі комитет (бұдан әрі – Комитет) индекстер мен индикаторларды есептеу, сондай-ақ қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу әдістемелерін жетілдіру мәселелері бойынша сараптамалық тезистерді қалыптастыру үшін өкілетті тізімдер үшін жауапты болады.

Биржа индекстер мен индикаторлардың тиісті сапасы мен дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген ішкі процедураларды пайдаланады. Биржа мүдделер қақтығысын болдырмау және ақпараттың құпиялылығын қорғау мәселелері бойынша ішкі құжаттаманы, сондай-ақ мүдделер қақтығысын анықтау және болдырмау бөлігінде ішкі бақылаудың тиісті құралдарын қамтитын мүдделер қақтығысын болдырмау жүйесін енгізді.

Биржаның саясаты Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесіне қазіргі немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының әсер етпеуін қамтамасыз ететін Биржаның биржалық сауда-саттықты жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруы кезінде мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған шаралар тізбесін қамтиды.

БҚКХҰ 2-қағидаты (Үшінші тұлғаларды қадағалау) қолданылмайды, өйткені Биржаның Индикаторларын анықтау процесін үшінші тұлғалар жүзеге асырмайды.

БҚКХҰ 14-қағидаты (Мәліметтер ұсынатын тұлғаның әдеп кодексі) қолданылмайды, өйткені Биржада үшінші тұлғалардан ұсынылған мәліметтер пайдаланылмайды.

БҚКХҰ 15-қағидаты (Деректер жинауды ішкі бақылау жүйесі) қолданылмайды, өйткені Биржа сыртқы көздерден қалыптастыру үшін ақпарат алмайды.

Биржа Индикаторларды қалыптастыру үшін Биржада сауда-саттықтың жүргізілуіне қарай қалыптастырылатын және Биржа автоматты тәртіптемеде есептейтін және жариялайтын нарықтық деректерді пайдаланады.

Индикаторларды қалыптастыру әдістемесі (6-13-қағидаттар)

Биржаның индекстері мен индикаторлары Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру әдістемелеріне сәйкес есептеледі. Биржа әдістемелері олар өлшейтін активтердің нақты экономикалық көрсеткіштерін білдіретін индекстер мен индикаторларды қалыптастыруды қамтамасыз ететіндей және осы индекстер мен индикаторлар мәндерінің бұрмалануына әкеп соғуы мүмкін факторларды жоятындай етіп әзірленген.

Бұдан басқа, осы Әдістемелердің мақсаты Мүдделі тұлғалар үшін индекстер мен индикаторларды қалыптастырудың ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ тиісті индекстер мен индикаторларды қалыптастыру тәртібін егжей-тегжейлі сипаттау мен түсіндіруді ұсыну болып табылады. Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру әдістемелері Биржаның ресми интернет-ресурсында ашық қолжетімді.

Биржа Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру әдістемелерін әзірлеу мен бекітудің белгілі бір процесін енгізді. Осы Әдістемелер Комитеттің қатысуымен әзірленеді және оны Биржа Басқармасы бекітеді.

Басқарма Әдістемелерді ағымдағы нарықтық жағдайларды көрсету үшін өзгерістер енгізу қажеттілігі мәніне үш жылда бір рет қайта қарайды. Индекстер мен индикаторларды есептеу базалары (бұдан әрі – Есептеу базалары) қажет болған жағдайда қандай да бір уақиғалардың басталуына қарай қайта қаралады. Индекстер мен индикаторлар Комитеттің қатысуымен талданады. Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру әдістемесіне және Есептеу базасына енгізілетін барлық өзгерістер Биржаның ресми интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте болады.

Қалыптастыру және тарату үшін Биржа автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді пайдаланады. Индекстер мен индикаторларды есептеу Басқарма бекіткен Әдістемелерге сәйкес әзірленген есептеу алгоритмі негізінде жүзеге асырылады және процесс индекстер мен индикаторларды есептеуге рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмайтындай ұйымдастырылған.

Наразылықтармен жұмыс істеу процедуралары (16-принцип)

Биржаның ішкі құжаттары наразылықтармен және өзге де ақпаратпен жұмыс істеу процедураларын көздейді, оған сәйкес барлық мүдделі тұлғалар индекстер мен индикаторларды есептеу әдістемесіне өз сұрақтарын не ұсыныстарын Биржа атына бере алады.

Биржа клиенттік қолдау көрсетеді, есеп айырысу тәртібі немесе индикаторлардың құрылымы туралы мәселелерді қарайды, сондай-ақ есеп айырысу тәртібіне және индекстер мен индикаторлардың құрылымына мүдделі тұлғалардың наразылықтарын жою жөніндегі жұмысты жүзеге асырады.

Наразылық-талап қою жұмысын жүзеге асыру ережелерімен Биржа наразылықтармен жұмыс істеу тәртібін белгілеген, оған сәйкес барлық мүдделі тұлғалар өз өтініштерін не наразылықтарын оларды дер кезінде қарау және жою үшін Биржа атына бере алады.

Биржаның ақпарат берумен жұмыс істеу және клиенттік қолдау көрсету процедуралары Биржалық ақпаратты коммерциялық ұсыну шарттары туралы қағидамен регламенттелген.

Ақпаратты ашу және Мүдделі тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимыл жөніндегі процедуралар Биржаның Ақпараттық Саясаты негізінде жүргізіледі.

Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитет қаржы нарығына қатысушылардан шағымдар мен тілектерді қабылдайды, өйткені Комитетке тәуелсіз мүше – "Қазақстанның қаржы ұйымдары қауымдастығы" ЗТБ өкілі кіреді.

Биржа Еуропалық қайта құру және даму банкінің және екінші деңгейдегі банктердің қатысуымен ақша нарығының қолданыстағы индикаторларын қарау және жаңа индикаторларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының қатысушысы болып табылады.

Биржа Биржаның клиенттеріне қызмет көрсету деңгейін анықтау ережелерін және Биржа мүшелерінің Биржа қызметіне қанағаттануын бағалау әдістемесін әзірледі, онда әрекеттегі және әлеуетті клиенттер, әріптестер үшін қызмет көрсету бойынша наразылықтар мен ұсыныстар туындаған жағдайда өтініштердің арналары (Биржаның жауапты бөлімшесінің поштасы, телефон нөмірлері және Биржа интернет-сайты арқылы хабарлама беру нұсқаулықтары) көзделген.

Барлық шағымдарды, сұрау салуларды және мәселелерді Биржа қызметкерлері ақылға қонымды мерзімде қарайды. Наразылықтың негізділігі дәлелденген жағдайда Биржа Ақпаратты ашу әдістемесі мен процедураларына қажетті өзгерістерді әзірлейді және енгізеді.

Аудиторлық тексерулер, Индикаторлар құжатнамасы, реттеуші органдармен ынтымақтастық (17-19-қағидаттар)

Биржа БҚКХҰ қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін әзірленген бақылаудың тиісті процедураларының сәйкестігі мен болуына тәуелсіз тексеру туралы есепті қалыптастыру үшін сыртқы аудиторларды тартпады. Тиісті процедуралардың сәйкестігі мен болуын тексеруді Биржа жыл сайынғы негізде дербес жүзеге асырады.

Биржа индекстер мен индикаторларды есептеу жөніндегі барлық ақпаратты Биржаның бэк-офистік жүйесінде тұрақты негізде сақтайды. Бұл ақпарат есеп айырысуларда

пайдаланылатын нарықтық деректерді, есеп айырысу базаларын, есептелген коэффициенттерді, еркін айналыстағы бағалы қағаздардың үлестерін қамтиды. Өдістемелердегі өзгерістер, пайдаланушылардың наразылықтары және өзге де ақпарат Биржаның ішкі құжаттарында анықталған құжаттаманы жүргізу бойынша тәртіппен сақталады.

5. Индикаторларды қалыптастыру процесін басқару және бақылау жүйесі

Биржа "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейді. Биржаның корпоративтік басқару жүйесі "Акционерлік қоғамдар туралы" заңмен, Биржаның Жарғысымен және Биржаның ішкі құжаттарымен регламенттеледі. Биржаны басқару жүйесіне мынадай органдар кіреді:

1. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы;
2. Биржаның Директорлар кеңесі;
3. Биржаның Басқармасы;
4. Биржаның Индекстер және индикаторлар жөніндегі комитеті.

Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесіне қатысатын Биржаның негізгі құрылымдық бөлімшелері/департаменттері мыналарды қамтиды:

- Ақпарат және статистика департаменті;
- Ақпараттық технологиялар департаменті;
- Тәуекелдерді басқару бөлімі;
- Ішкі аудит қызметі;
- Заң бөлімі.

Биржаның Ақпарат және статистика департаменті (бұдан әрі – АжСД) мынадай функцияларды орындайды:

- Индекстер мен индикаторларды есептеуді және олардың Биржаның ресми сайтында көрсетілуін бақылайды;
- Индекстер мен индикаторлардың Есептеу базасына арналған параметрлерді анықтайды;
- Индекстер мен индикаторлардың өкілетті тізімдерін қалыптастырады;
- қолданыстағы Әдістемелерді талдауды және жаңартуды жүзеге асырады;
- жаңа Индекстер мен индикаторларды әзірлейді;
- Комитетпен кеңесулер өткізеді.

Комитет Биржа жұмыскерлері мен "Қазақстанның қаржы ұйымдары қауымдастығы" ЗТБ өкілдерінен құрылады. Комитет төрағасы болып Биржа Басқармасы Төрағасының АжСД-ға жетекшілік ететін орынбасары тағайындалады. Комитет:

- Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Индикаторларды есептеу үшін өкілетті тізімдерді қалыптастыру;
- техникалық іркіліс немесе форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда Индикаторларды қайта есептеуді жүргізуді мақұлдау;
- қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу әдістемелерін жетілдіру мәселелері бойынша Биржа Басқармасына ұсынымдар мен ұсыныстар беру;
- Биржа Басқармасы Төрағасының немесе Басқармасының тапсырмаларын орындау мәселелерін қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды.

Ақпараттық технологиялар департаменті (бұдан әрі – АТД) мынадай міндеттерді орындайды:

- жаңа индекстер мен индикаторларды есептеу немесе оларды жетілдіру жөніндегі техникалық тапсырмаларды іске асырады;
- индекстер мен индикаторлардың тестілік есептерін жүргізеді;
- индекстер мен индикаторларды автоматты есептеу үшін жауапты болады.

Тәуекелдерді басқару бөлімі (бұдан әрі – ТББ) және Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ):

- индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесін бақылау;
- мүдделер қақтығысына байланысты мәселелерді шешу;
- бұзушылықтар туралы хабардар ету және заңнамалық талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру;
- қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу;
- қателер туралы есептерді және ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін қарау үшін жауап береді.

Заң бөлімі:

- Әдістемелерді қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау;
- Комитеттің, Биржа Басқармасының және Биржаның Директорлар кеңесінің қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан өкілеттіктері;
- Биржа мен үшінші тұлғалар арасындағы келісімдерді, оның ішінде ақпарат таратуға маманданған компаниялармен индекстер мен индикаторлар бойынша деректерді тарату туралы келісімдерді қарау және бекіту үшін жауап береді.

Биржа Басқармасы ІАҚ бойынша есептерді, сондай-ақ ТББ тәуекелдер бойынша есептерін қарау және бекіту үшін жауап береді, Әдістемелерді бекітеді. Биржаның Директорлар кеңесі бақылау (ішкі бақылау) процестеріндегі және тәуекелдерді басқару процедуралары мен саясаттарындағы өзгерістерді бекіту үшін жауап береді.

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>b) қалыптастыру және тарату – Индикаторды дәл және уақтылы қалыптастыру, жариялау және тарату;</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>қарайды және бекітеді. Ішкі аудит қызметі Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру және тарату процедураларына заңнама талаптарына, сондай-ақ Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру әдістемелеріне сәйкестігі тұрғысынан мерзімді тексерулер жүргізеді.</p> <p>Биржаның Заң бөлімі болашақ Индекстер мен Индикаторлар үшін Әдістемелер өзгерген немесе жаңа Әдістемелер әзірленген жағдайда Индекстер мен Индикаторларды қалыптастыру Әдістемелерінің қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қаралуына жауап береді.</p> <p>Индекстер мен индикаторларды қалыптастырудың барлық Әдістемелері Биржаның сайтында осы Әдістемелермен анықталған мерзімдерде еркін қол жетімділікте ресми жарияланады. KASE Индексін есептеуге арналған өкілетті тізімді, KASE_BM сериясының корпоративтік облигациялар нарығының индикаторларын есептеуге арналған өкілетті тізімді Комитет тоқсан сайынғы негізде қалыптастырады. Тіркелген тізімі бар МБҚ индекстеріне арналған өкілетті тізімді айына бір рет Биржа қалыптастырады. Бұдан басқа, бір атаудағы бағалы қағаздардың KASE индексінің немесе корпоративтік облигациялар нарығы индикаторларының мәніне әсері шектеу коэффициентін пайдалану жолымен шектеледі.</p> <p>Тиісті Әдістемелермен тиісті өкілетті тізімдерді жариялау күнтізбесі белгіленген.</p> <p>Индикаторларды қалыптастыру және тарату процесі автоматтандырылған болып табылады. Индикаторларды есептеуден кейін оларды жариялау процесі жүреді. Индикаторларды жариялау Әдістемеді белгіленген уақыт аралығында және мерзімдерде жүзеге асырылады. Индикаторларды уақтылы қалыптастыру және тарату үшін Ақпарат және статистика департаменті жауапты болады.</p> <p>Индикаторларды есептеу алгоритмдерін өзгерту қажет болған кезде Ақпарат және статистика департаменті есептеу жүйелерін пысықтауға арналған функционалдық тапсырмаларды әзірлейді. Ақпараттық технологиялар департаменті Индекстер мен индикаторларды есептеу үшін автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді қажетті әзірлеуді/жетілдіруді жүзеге асырады. Есептеу алгоритмі техникалық тапсырмаға және</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>с) пайдалану – Индикаторды қалыптастыруға әсер ететін шешімдер қабылдауға қатысты ашықтықтың тиісті деңгейін және кіріс деректері болмаған немесе жеткіліксіз болған кездегі, нарықтарда күйзеліс немесе құлау, аса маңызды инфрақұрылымның бұзылуы немесе Индикаторды қалыптастыруға байланысты өзге де факторлар жағдайындағы іс-қимылдарды қоса алғанда, осыған байланысты барлық процестерді қамтамасыз ету;</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Қалыптастыру әдістемесіне индекстер мен индикаторларға сәйкестігі және дәлдігі тұрғысынан тестілеуден және тексеруден өтеді. Одан әрі есептеу алгоритмі тест жүйелерінен жұмыс модуліне көшіріледі, ол алгоритмге өзгерістер енгізудің мүмкін еместігін қамтамасыз ететіндей етіп әзірленген. Есептеу модулінен есептелген Индикаторлар Биржаның интернет-ресурсында автоматты түрде жарияланады және ақпарат ұсынатын тұлғалар нақты уақыт тәртіптемесінде немесе сауда-саттық күнінің соңында Индикаторлар бойынша деректерге қол жеткізе алуы үшін Биржаның бэк-офистік жүйесіне көшіріледі. Күн сайын процесс Ақпарат және статистика департаментінің бақылауында болады. Биржа мен үшінші тұлғалар арасындағы барлық келісімдерді, оның ішінде ақпаратты таратуға маманданған компаниялармен Индикаторлар бойынша деректерді тарату туралы келісімдерді Заң бөлімі қарайды.</p> <p>Индикаторларды қалыптастыруға әсер ететін маңызды шешімдер Биржаның ресми сайтында баспасөз мәлімдемелері және жаңалықтар түрінде жарияланады (мысалы, Есептеу базасын қайта қарау және олардың нарықтың ағымдағы шарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Өдістемелерді өзгерту).</p> <p>Өдістемелер индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процедурасы туралы қағидаларды, оның ішінде кіріс деректері болмаған немесе жеткіліксіз болған кезде, сондай-ақ техникалық іркілістер кезінде пайдаланылатын шараларды қамтиды. Бұл жағдайда Биржа индекстер мен индикаторларды дұрыс қалыптастыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға жауапты болады.</p> <p>Биржада техникалық сипаттағы іркілістерді, сондай-ақ кеңселік инфрақұрылымның дұрыс жұмыс істемеуіне байланысты іркілістерді қамтитын және осылайша бизнестің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары бар. Биржаның барлық қызметкерлері қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және инфрақұрылымның жұмыс істеуіндегі іркілістердің алдын алу жөніндегі ішкі саясатты сақтауға қатысты міндетті түрде оқытудан өтеді. Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және инфрақұрылымның жұмыс істеуіндегі іркілістердің алдын алу бойынша ішкі саясат өзгерген кезде Биржаның</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>d) басқару – Индикаторды әзірлеуге, жариялауға және пайдалануға жауап беретін сәйкестендірілетін қадағалау қызметін қоса алғанда, Индикаторды есептеу процесіне қатысты сенімді және ашық басқару, қадағалау және есеп берушілік процедураларын ұйымдастыру.</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>барлық қызметкерлері ішкі саясаттың өзгерістеріне арналған жаңартылған оқыту курсынан өтеді.</p> <p>Ақпарат және статистика департаменті индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесін әкімшілендіруге жауап береді және Биржа Басқармасына есеп береді. Биржа Басқармасы индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесімен және Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру әдістемелерімен байланысты саясат пен процедураларды қарайды және бекітеді, сондай-ақ индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесіне қатысатын департаменттердің қызметін қадағалауды жүзеге асырады. Барлық тартылған департаменттер Биржа Басқармасына есеп береді. Биржаның Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметі жасаған ішкі бақылау процедуралары бойынша есептерді, сондай-ақ Тәуекелдерді басқару бөлімі дайындаған операциялық тәуекелдер бойынша есептерді қарау және бекіту үшін жауап береді.</p> <p>Комитет Биржаның бөлімшелерінің өкілдерін және "Қазақстанның қаржы ұйымдары қауымдастығы" ЗТБ өкілдерін қамтиды; оның жауапкершілік саласы тәуелсіз бақылау, оның ішінде Индикаторларды қалыптастыру әдістемелерін мерзімді қайта қарау, Индикаторлардың тізімдерін, параметрлерін және есептеу базаларын бекіту болып табылады.</p> <p>Индикаторлар бойынша Биржа тарататын деректерді тексеру функциясын орындау шеңберінде Ақпарат және статистика департаменті күн сайынғы негізде қалыптастырылатын Индикаторларды тексеруді орындайды және Биржа Индикаторлары бойынша деректердің пайдаланушылар арасында тиісті таралуын қарайды. Елеулі ауытқулар анықталған жағдайда, анықталған сәйкессіздіктер белгіленген процедураға сәйкес дереу түзетіледі.</p> <p>Ішкі аудит қызметі, Тәуекелдерді басқару бөлімі және Комплаенс-қызметі бұзушылықтар туралы ақпараттандыру процесіне, заңнамалық талаптарға сәйкестігін тексеруге, қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне, қателер туралы есептерді қарауға жауап береді.</p> <p>Ішкі аудит қызметі заңнаманың талаптарына, сондай-ақ Индикаторларды қалыптастыру әдістемесіне сәйкестігі тұрғысынан Индикаторларды</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
		<p>қалыптастыру және тарату процедураларына мерзімді тексерулер жүргізеді.</p> <p>Заң бөлімі Индикаторларды қалыптастыру әдістемелерін қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеруге олар өзгерген немесе болашақ Индикаторлар үшін жаңа Әдістемелер әзірленген жағдайда жауап береді. Заң бөлімі сондай-ақ Комитеттің, Биржа Басқармасының және Биржаның Директорлар кеңесінің өкілеттіктеріне олардың қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан талдау жүргізеді. Биржа мен үшінші тұлғалар арасындағы барлық келісімдерді, оның ішінде ақпаратты таратуға маманданған компаниялармен Индикаторлар бойынша деректерді тарату туралы келісімдерді Заң бөлімі қарайды.</p>
2-қағидат: Үшінші тұлғаларды қадағалау – Биржаға қолданылмайды		
<p>Егер Индикаторды анықтау процесімен байланысты қызметті үшінші тұлғалар жүзеге асырса (мысалы, кіріс деректерін жинау, жариялау немесе Есеп агентінің қызметін орындау), Әкімші осы үшінші тұлғаларға тиісті қадағалауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Әкімші (және оның қадағалау қызметі) мыналарды қамтитын саясат пен процедураларды енгізуге тиіс:</p> <p>а) тиісті жазбаша келісімдерде Индикаторды қалыптастыру процесіне қатысатын үшінші тұлғалардың функциялары мен міндеттерін, сондай-ақ көрсетілген үшінші тұлғалар сақтауға тиіс Әкімші белгілеген стандарттарды нақты сипаттау және нақтылау;</p>		<p>Бұл Қағидат Биржаға қолданылмайды, өйткені Индекстер мен индикаторларды есептеу үшін деректер көзі Биржаның сауда-саттықты жүргізу нәтижелері бойынша Биржа қалыптастыратын ақпарат болып табылады.</p> <p>Индекстер мен индикаторларды есептеу және қалыптастыру үшін Биржа үшінші тұлғалардан кіріс деректерін жинауды пайдаланбайды және Есеп агентін пайдаланбайды.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>b) Әкімші көрсеткен стандарттарды үшінші тұлғалардың сақтауын қадағалау;</p> <p>c) Индикаторды қалыптастыру процесіне қатысатын үшінші тұлғалардың сәйкестендіру мәліметтері мен функцияларының Мүдделі тұлғалар мен барлық тиісті Реттеуші органдар үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету;</p> <p>d) Индикаторды қалыптастыру процесіне үшінші тұлғалардың қатысуына байланысты шектен тыс операциялық тәуекелдерді жоюға бағытталған шаралар (стандартты емес жағдайлардағы іс-қимылдарды қоса алғанда).</p> <p>Бұл Қағидат, егер бұл тұлғалар Реттелетін нарықтар немесе Биржалар болып табылса, Әкімші үшін деректер көзі болып табылатын үшінші тұлғаларға қолданылмайды.</p>		
<p>3-қағидат: Әкімшілер тарапынан мүдделер қақтығысын болдырмау. Сәйкес келеді</p>		
<p>Индикаторды қалыптастыру процесінің адалдығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін Әкімшілер құжатты рәсімдеуге және мүдделер қақтығыстарының болуы, оларды басқару, жою немесе болдырмау туралы мәліметтерді анықтау, ашу жөніндегі саясат пен процедураларды енгізуге, сондай-ақ олардың</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Бірінші деңгей</p> <p>Биржа "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейді.</p> <p>Акционерлердің жалпы жиналысы Биржаның жоғары басқару органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Биржаның жарғысында анықталған.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>мәжбүрлеп орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Әкімшілер өз саясаттары мен процедураларын қажеттілігіне қарай талдауға және жаңартуға тиіс.</p>		<p>Бұл ретте "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Биржаның әрбір акционерінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп үлесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі акционер болып табылатын жағдайды қоспағанда, орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма пайызынан аспауға тиіс. Сауда-саттықты ұйымдастырушы органдарының шешімдеріне вето қою құқығы бар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сауда-саттықты ұйымдастырушының "алтын акциясының" иесі болып табылады.</p> <p>Директорлар кеңесі Биржаның басқару органы болып табылады, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және/немесе Биржаның жарғысымен Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.</p> <p>Бұл ретте "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Биржаның директорлар кеңесінің құрамына дауыс беру құқығымен тұрақты негізде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және уәкілетті органның жазбаша хабарламалары негізінде уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бір-бір өкілі кіреді.</p> <p>Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Директорлар кеңесінің құрамына өз ұстанымын қалыптастыру үшін жеткілікті дербестікке ие және Биржаның атқарушы органдарының, акционердің немесе басқа да мүдделі тұлғалардың ықпалына тәуелсіз объективті пікірлер шығаруға қабілетті тәуелсіз директорлар кіреді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Биржаның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар (10 мүшенің 3-і) болуы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері арасындағы мүдделер қақтығыстарын анықтау, зерттеу және шешу бойынша Биржа қабылдайтын шараларды қайта қарау қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.</p> <p>Басқарма Биржаның алқалы атқарушы органы болып табылады және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және Биржаның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Биржаның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
		<p>жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.</p> <p>"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Биржаның Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері мен комиссиялары жұмыс істейді:</p> <p>Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау комитеті; Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті; Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті.</p> <p>Екінші деңгей</p> <p>Биржа өз қызметінде Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Мүдделер қақтығысын басқару саясатын (бұдан әрі – Саясат) басшылыққа алады.</p> <p>Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Корпоративтік басқару кодексіне, Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатқа сәйкес әзірленді.</p> <p>Саясат Биржадағы әлеуетті және қазіргі мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін белгілейді.</p> <p>Биржа бөлімшелер, лауазымды тұлғалар мен Биржа қызметкерлері арасында міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу қағидаттарын негізге ала отырып жұмыс істейді.</p> <p>Мүдделер қақтығысын басқару Биржаның мүдделер қақтығысының туындауының алдын алу, оны анықтау, реттеу және мониторинг бойынша шаралар кешенін жүргізуін көздейді.</p> <p>Үшінші деңгей</p> <p>Биржа өз қызметінде Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты (бұдан әрі – Комплаенс саясаты) басшылыққа алады.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
		<p>Биржаның комплаенс-тәуекелдерін басқару Биржа қызметінің әрбір бағыты бойынша тұрақты негізде жүзеге асырылады.</p> <p>Комплаенс-тәуекелді басқару Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын, сондай-ақ Биржаның әрбір жұмыскерінің, бөлімшесінің, органының өзінің лауазымдық және функционалды міндеттерін орындауын болжайды.</p> <p>Биржаның әрбір жұмыскері өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде комплаенс-тәуекелдерді анықтауға, барынша азайтуға, бақылауға және кейіннен алдын алуға бағытталған лауазымдық нұсқаулықта, еңбек шартында, Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тиісті шараларды/іс-қимылдарды қолдануға тиіс.</p> <p>Комплаенс-тәуекелдерді басқару бойынша процедуралардың сақталуын бақылауды Комплаенс-қызмет жүзеге асырады.</p> <p>Бұдан басқа, Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Инсайдерлік ақпаратты пайдалануды бақылау ережелеріне сәйкес Биржаның қызметкерлеріне инсайдерлік ақпаратты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) егер мұндай міндеттеме тұлғаға инсайдерлік ақпарат белгілі болғанға дейін жасалған операция нәтижесінде туындаған болса, орындау мерзімі басталған шетел валютасын немесе қаржы құралдарын сатып алу немесе сату жөніндегі міндеттемені орындау шеңберінде операциялар жасауды қоспағанда, өз есебінен немесе үшінші тұлғаның есебінен инсайдерлік ақпаратқа қатысты шетел валютасымен немесе қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыру үшін; 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген осындай ақпаратты беру жөніндегі міндеттерді орындауға байланысты не еңбек міндеттерін орындауға немесе жасалған келісімді (келісім-шартты) орындауға байланысты осы ақпаратты Биржаның инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаға беру жағдайларын қоспағанда, оны басқа тұлғаға беру немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді ету жолымен;

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
		<p>3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген қаржы құралдарын немесе шетел валютасын сатып алуға немесе сатуға міндеттей отырып немесе итермелей отырып, ұсынымдар немесе ұсыныстар беру жолымен пайдалануға тыйым салынады.</p> <p>Төртінші деңгей</p> <p>Биржа Басқармасы жанынан тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган – Индекстер және индикаторлар жөніндегі комитет құрылды, оның міндеттері қор нарығының индикаторларын есептеу үшін тізімдер мен параметрлерді қалыптастыру, сондай-ақ қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу әдістемелерін жетілдіру мәселелері бойынша сараптамалық тезистерді қалыптастыру болып табылады.</p> <p>Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, осы Қағиданы, Биржаның ішкі құжаттарын және индикаторларды есептеу әдіснамасы мәселелері бойынша халықаралық институттардың ұсынымдарын басшылыққа алады</p> <p>Комитет Биржа Басқармасына есеп береді және осы Қағидаға және (немесе) Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес оған Биржа Басқармасы берген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.</p> <p>Комитет кемінде бес адамнан тұратын мүшелердің тақ санынан тұрады.</p> <p>Комитет мүшелері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тәуекелдер бөлімшесіне жетекшілік ететін Басқарма мүшесі; 2) жұмыскерлер: – ақпарат және статистика бөлімшелері; – саудасаттық бөлімшелері; – мониторинг бөлімшелері; 3) Биржа Басқармасы Төрағасының бұйрығымен анықталған өзге де жұмыскерлер; 4) "Қазақстанның қаржы ұйымдары қауымдастығы" ЗТБ құрамына кіретін қаржы ұйымының тәуелсіз өкілі. <p>Комитеттің негізгі функциялары мынадай мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау болып табылады:</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>Әкімшілер мүдделер қақтығыстары туралы ақпаратты өз пайдаланушылары мен тиісті Реттеуші органдарға олар болған жағдайда ашуға міндетті.</p> <p>Мүдделер қақтығыстарын болдырмау жүйесінде Индикаторға байланысты мүдделер мен тәуекелдердің анықталған қазіргі немесе әлеуетті қақтығыстарының деңгейі ескерілуге тиіс, бұл ретте жүйе:</p> <p>а) Индикаторды қалыптастыруға қазіргі немесе әлеуетті мүдделер қақтығыстарының тиісінше әсер етпеуін;</p>	<p><i>Сақталады</i></p> <p><i>Сақталады</i></p>	<ol style="list-style-type: none"> 1) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес қор нарығының индикаторларын есептеу үшін өкілетті тізімдерді қалыптастыру; 2) техникалық іркіліс немесе форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда қор немесе ақша нарықтары индикаторларының қайта есептеулерін жүргізуді мақұлдау; 3) қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу әдістемелерін жетілдіру мәселелері бойынша Биржа Басқармасына ұсынымдар мен ұсыныстар беру; 4) Биржа Басқармасы Төрағасының немесе Басқармасының тапсырмасы бойынша, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды орындау. <p>Мүдделер қақтығысының туындауының алдын алу мақсатында Биржа соның ішінде мынадай шараларды қабылдайды, бірақ бұлармен шектелмейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ұйымдық құрылымды, штат кестесін бекіту, мүдделер қақтығыстарының туындауына кедергі келтіретін процедураларды (өкілеттіктерді, міндеттер мен жауапкершілікті алмастыру және бөлу) пайдалана отырып алқалы органдарды ұйымдастыру; 2) корпоративтік басқару мәселелерін және корпоративтік мінез-құлық ережелерін регламенттейтін ішкі құжаттарды бекіту және оларды сақтау жөніндегі міндеттерді Биржа жұмыскерлеріне жүктеу; 3) мыналарды қамтамасыз етуге бағытталған Биржа органдарының шешімдер қабылдау процедураларын регламенттеу;

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
		<p>Биржаның алқалы органдарының мүшелері қабылдайтын шешімдердің тәуелсіздігі;</p> <p>Биржаның алқалы органдары мүшелерінің қабылданатын шешімдерге мүдделілігінің болмауы;</p> <p>алқалы органдар мүшелерінің және Биржа қызметкерлерінің алқалы органдардың отырыстарын өткізу барысында алынған ақпаратты жеке мақсаттарында не үшінші тұлғалардың мүдделері үшін осы ақпаратты кең ауқым тұлғалар арасында ресми таратқанға дейін пайдалануына шектеулер;</p> <p>4) инвестициялық шешімдерді дайындау, қабылдау және орындау процесінде, оның ішінде орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыру мен орталық контрагенттің активтерін инвестициялау арасындағы мүдделердің әлеуетті қақтығыстарын басқару бөлігінде органдар мен бөлімшелердің өзара іс-қимыл процедураларын қоса алғанда, орталық контрагенттің активтерін инвестициялау тәртібін регламенттеу;</p> <p>5) Биржаның алқалы органдарының отырыстарын өткізу қорытындылары бойынша хаттамалар жасаудың және сақтаудың міндетті тәртібін регламенттеу;</p> <p>6) аффилиирленген тұлғалардың және Биржамен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізілімдерін Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүргізу;</p> <p>7) Саясатта көзделген тәртіппен әлеуетті мүдделер қақтығысын ашу жөніндегі процедураларды жүргізу;</p> <p>8) Комплаенс-қызметтің бөлімшелердің/жұмыскерлердің қызметіне Биржада белгіленген әлеуетті және орын алып отырған мүдделер қақтығысын басқару процедураларының сақталуы тұрғысынан тексерулер жүргізуі.</p> <p>Биржа қызметкерлері мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша міндетті түрде оқудан өтеді және мүдделер қақтығысының туындауына әкелуі мүмкін мән-жайлар туралы хабардар. Биржаның биржалық сауда-саттықты</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>b) Әкімшінің өз функцияларын жүзеге асыруына оның жеке мүдделерінің немесе байланыстарының немесе іскерлік байланыстарының ықпалының болмауын;</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған Биржаның ішкі құжаттары өзгерген кезде Биржаның барлық қызметкерлері осындай өзгерістерге арналған жаңартылған оқыту курсынан өтеді.</p> <p>Клиентпен/контрагентпен және оның өкілімен қарым-қатынастар тараптардың тең құқықтылығы, адалдық, шынайылық, клиентті/контрагентті ол Биржамен жүргізетін операциялар, сондай-ақ олармен байланысты тәуекелдер туралы толық хабардар ету қағидаттарына негізделеді.</p> <p>Мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында Биржаның лауазымды тұлғаларына Биржа мен оның өзінің, сондай-ақ оның жұбайының (зайыбының)/жақын туысының немесе өзге де аффилиирленген тұлғаның арасындағы кез келген мәмілені (қатынастарды) қарауға және шешімдер қабылдауға қатысуға тыйым салынады.</p> <p>Мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында Биржаның клиентімен/контрагентімен қатынастарда Биржа Басқармасының жұмыскерлеріне/мүшелеріне:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Биржаның клиенттерінің/контрагенттерінің мүдделерін білдіруге; 2) Биржаның корпоративтік ресурстары берген мүмкіндіктерді, сондай-ақ жеке мүддесін алу үшін өзінің лауазымдық жағдайын пайдалануға; 3) Биржаның мәмілеге кіруі туралы шешімдер қабылдауға ықпал ету мақсатында тікелей бағынысына кіретін де, кірмейтін де жұмыскерлердің/бөлімшелердің қызметіне араласуға тыйым салынады.
<p>c) жауапкершілікті нақты анықтау және мүдделердің артық қақтығыстарын болдырмау немесе мүдделер қақтығыстары туралы ақпаратты жасыру немесе осындай қақтығыстарды қабылдауға ықпал</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында Биржа бөлімшелерінің басшылары өздеріне есеп беретін бөлімшелердің қызметін регламенттейтін Биржаның ішкі құжаттарын өзектендіру жөнінде уақтылы шаралар қолдануға міндетті.</p> <p>Биржада:</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>ету үшін мүмкін болған жерде Өкімшінің ішінде бағыну желілерін бөлуді;</p>		<p>1) бір жұмыскерге және/немесе Биржа бөлімшесіне: бір мезгілде клиринг және (немесе) есеп айырысу жөніндегі қызметті жүзеге асыра отырып, сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі; ақша төлеуді санкциялау және оларды іс жүзінде төлеуді жүзеге асыру жөніндегі; Биржа клиенттерінің шоттары және Биржаның өз әкімшілік-шаруашылық қызметін көрсететін шоттар бойынша операциялар жүргізу; мониторинг бөлімшелері, сауда-саттық бөлімшелері, ақпарат және статистика бөлімшелері, листинг бөлімшелері, есеп айырысу бөлімшелері және/немесе клиринг бөлімшелері бойынша функцияларды жүктеуге;</p> <p>2) Комплаенс-қызметтің, ішкі аудит бөлімшесінің, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің және қадағалау бөлімшесінің жұмыскерлеріне Биржаның басқа бөлімшелері жұмыскерлерінің функцияларын жүктеуге;</p> <p>3) клиринг бөлімшесінің жұмыскерлеріне Биржаның басқа бөлімшелері жұмыскерлерінің функциялары мен міндеттерін жүктеуге;</p> <p>4) Басқарманың бір мүшесінің ақпараттық технологиялар мен ақпараттық және техникалық қауіпсіздікке жауапты бөлімшелерді үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыруына;</p> <p>5) мүдделер қақтығысының туындау ықтималдығы бар бөлімшелердің Биржа Басқармасының сол бір мүшесіне есеп беруіне тыйым салынады.</p>
<p>d) уәкілетті қызметкерлердің Индекстің мәнін олар</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Биржада Индикаторларды қалыптастыру және тарату процесі автоматтандырылған болып табылады. Индикаторларды есептеу</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
жарияланғанға дейін тиісті қадағалауын және міндетті түрде қол қоюын;		<p>әзірленген есептеу алгоритмі негізінде алдын ала белгіленген түрде жүзеге асырылады, ал процесс Индикаторларды есептеуге рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмайтындай құрылымданады.</p> <p>Ақпарат және статистика департаменті Индикаторлардың дұрыс қалыптасуын күнделікті тексеруге жауап береді.</p>
<p>е) Әкімші ақпаратты ашу жөніндегі міндеттемелерін орындаған жағдайда Әкімші берген, алған немесе қалыптастырған деректердің, ақпараттың және өзге де кіріс мәліметтерінің құпиялылығын;</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Биржаның ақпараттың құпиялылығына қатысты ішкі құжаттары мыналарды қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ақпараттық қауіпсіздік саясаты – пайдаланушылардың қолжетімділігі, деректердің құпиялылығы, деректердің пайдаланылуын бақылау құралдары және осындай ақпаратқа заңсыз қол жеткізудің алдын алу туралы жалпы ережелер жазылған негізгі құжат; • Қорғалатын ақпаратпен жұмыс істеу тәртібі; • Қорғалатын ақпараттың тізбесі, қорғалатын ақпараттың тізбесі қамтылған құжат; • Инсайдерлік ақпаратты пайдалануды бақылау ережелері; • Инсайдерлік ақпарат тізбесі – құпия ақпарат тізбесі қамтылатын құжат; • Бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен оларды күдікті мәмілелер қатарына жатқызу мүмкіндігі тұрғысынан алдын ала және ішінара тексерулер жүргізу ережелері. <p>Биржа қызметкерлері міндетті түрде құпиялылық мәселелері бойынша оқудан өтеді және олар туралы хабардар етіледі. Ақпараттың құпиялылығына қатысты ішкі құжаттар өзгерген кезде Биржаның барлық қызметкерлері осындай өзгерістерге арналған жаңартылған оқыту курсынан өтеді.</p> <p>Ақпараттық қауіпсіздік процедураларына сәйкес Биржа қызметкерлері құпия ақпаратты ашпау міндеттемесі туралы декларацияға қол қоюы тиіс.</p>
<p>f) мүдделер қақтығысы тәуекелі бар қызметке қатысатын қызметкерлер арасында немесе осындай ақпарат Индикатордың қалыптасуына теріс</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Барлық тұлғалар Биржаның өз қызметін жүзеге асыруы кезінде ақпараттың құпиялылығын сақтау бөлігінде мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған ішкі құжаттардың талаптарын орындауға міндетті. Биржаның</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>әсер етуі мүмкін жағдайларда қызметкерлер мен үшінші тұлғалар арасында ақпарат алмасуды бақылау бойынша тиімді процедуралардың болуын.</p> <p>g) Индикаторды қалыптастыру процесіне қатысатын қызметкерлерге Индикатордың мәніне байланысты тікелей немесе жанама сыйақыға немесе көтермелеуге жол бермейтін тиісті сыйақы саясатының болуын қамтамасыз етуге тиіс.</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Ішкі құжаттарына сәйкес жеке тұлғалар құпия ақпаратқа тек өз өкілеттіктері шеңберінде ғана қол жеткізе алады.</p> <p>Ақпараттық қауіпсіздік процедураларына сәйкес Биржа қызметкерлері құпия ақпаратты ашпау міндеттемесі туралы декларацияға қол қоюы тиіс.</p> <p>Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Биржаның персоналын басқару саясаты Биржаның миссиясына қол жеткізуге және оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған және Биржаның орнықты дамуы мақсатында Биржаның персоналын басқару процесінде қолданылатын Биржаның корпоративтік құндылықтарына негізделген қағидаттардың, ережелер мен тәсілдердің жиынтығын анықтайды.</p> <p>Еңбекақы төлеу жүйесі тиімді қызметке тарту, ұстап қалу, уәждеу мақсатында персоналға сыйақы беру деңгейін тиімді реттеуге, сондай-ақ жоғары білікті мамандарды тарту үшін жалақының бәсекелестік деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.</p> <p>Белгілі бір уақыт кезеңінде Биржаның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізу тиімділігі құрылымдық бөлімшелердің және олардың басшыларының алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау тиімділігін бағалаумен анықталады.</p> <p>Бұл ретте Биржаның стратегиялық міндеттері Басқарманың және Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің алдын ала мақұлдауымен Директорлар кеңесінің бекітуіне жатады.</p> <p>Осыған байланысты, Биржа қызметкерлеріне сыйақы беру үш жылдық кезеңге арналған Биржа стратегиясына сәйкес олардың алдына қойылған стратегиялық міндеттердің нәтижелері бойынша жүзеге асырылады және Индикаторлардың кез келгенінің деңгейіне тәуелді бола алмайды.</p>
<p>Әкімші мүдделерінің қақтығыстарын болдырмау жүйесі оның меншік иелерінің құрылымына немесе бақылау пакеттерінің иелеріне байланысты немесе Әкімші персоналының немесе тұлғалардың</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Биржа "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейді.</p> <p>Акционерлердің жалпы жиналысы Биржаның жоғары басқару органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне</p>

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>неғұрлым кең тобының Индикаторды қалыптастыруға қатысты болуы мүмкін басқа да мүдделеріне байланысты туындайтын мүдделердің қазіргі немесе әлеуетті қақтығыстарын барынша азайтуға бағытталуы тиіс. Осы мақсатта осы жүйе:</p> <p>a) Индикаторды қалыптастыру жөніндегі оның қызметтері (Индикаторды қалыптастыру функцияларын жүзеге асыратын немесе осы процеске өзгеше түрде қатысатын барлық қызметкерлерді қоса алғанда) мен Әкімшінің немесе онымен аффилиирленген тұлғалардың өзге қызметтері арасында болуы мүмкін мүдделер қақтығыстарының болуы туралы ақпаратты болдырмау, жою немесе ашу жөніндегі шараларды көздеуге;</p> <p>b) Әкімшінің меншік иелерінің құрылымына немесе бақылау пакеттерінің иелеріне байланысты туындайтын мүдделер қақтығыстарының болуы туралы ақпаратты Мүдделі тұлғаларға және барлық тиісті Реттеуші органдарға уақтылы ашуын қамтамасыз етуге тиіс.</p>		<p>жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Биржаның жарғысында анықталған.</p> <p>Бұл ретте "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Биржаның әрбір акционерінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп үлесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі акционер болып табылатын жағдайды қоспағанда, орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма пайызынан аспауға тиіс. Сауда-саттықты ұйымдастырушы органдарының шешімдеріне вето қою құқығы бар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сауда-саттықты ұйымдастырушының "алтын акциясының" иесі болып табылады.</p> <p>Бұл ретте "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретін нақты анықтайды.</p> <p>Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашудың анықтығы, уақтылығы және объективтілігі қағидатын:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Биржаның акционерлері мен қаржы нарығының басқа да субъектілері тарапынан оған деген сенімді нығайту; 2) Биржаның акцияларын сатып алу және ұстап қалу туралы инвестициялық шешімдер қабылдауға жәрдемдесу; 3) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы мен Биржа Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдау кезінде барынша негізділікті қамтамасыз ету; 4) Биржаны басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ұстанады.

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
		<p>Биржа өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты ашады, сондай-ақ Биржаның жарғысында белгіленген тәртіппен оның акционерлерінің сұрау салуларына уақтылы және толық көлемде жауап береді.</p> <p>Биржа өз қызметіндегі елеулі корпоративтік уақиғалар туралы ақпаратты ашады және сонымен бір мезгілде Биржаның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етудің қатаң және сенімді тетіктерін пайдаланады.</p> <p>Биржаның қаржылық есеп берушілігін жүргізу және оның аудиті оның акционерлері мен инвесторлары тарапынан Биржаға деген сенімді қамтамасыз етуге бағытталған және мынадай қағидаттарға құрылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толықтық және дұрыстық; 2) бейтараптық және тәуелсіздік; 3) кәсібилік және құзыреттілік; 4) тұрақтылық және тиімділік.
4-қағидат: Әкімшілер тарапынан бақылау жүйесі – Сәйкес келеді		
<p>Әкімші Индикаторды қалыптастыру және тарату процесін бақылаудың тиісті жүйесін енгізуге тиіс. Бақылау жүйесі анықталған әлеуетті немесе қолданыстағы мүдделер қақтығыстарының маңыздылығын, Индикаторды әзірлеу процесінде пайымдауларды пайдалану ауқымын, Индикаторды қалыптастыру процесі үшін кіріс және шығыс деректердің түрін тиісті түрде ескеруге тиіс. Бақылау жүйесі тиісті Реттеуші органдарға, олар болған жағдайда, рұқсат бере отырып, құжатпен рәсімделуі тиіс. Бақылау жүйесінің</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Индикаторларды қалыптастыру процесіне қатысты ішкі процедуралар мен саясат шеңберінде Биржа Индикаторларды қалыптастыру процесін бақылау жүйесін енгізді.</p> <p>Биржаның бақылау жүйесі Индикаторларды қалыптастыру және тарату процесімен байланысты әлеуетті және қолда бар тәуекелдерді ескереді және Индикаторларды қалыптастыру процесінде басшылыққа көмектеседі. Бақылау жүйесі әлеуетті және қазіргі тәуекелдерге, сондай-ақ Индикаторларды қалыптастыру процесі үшін кіріс және шығыс деректерінің түріне бейімделген. Бақылау жүйесі Индикаторларды қалыптастыруға байланысты әлеуетті тәуекелдерді, сондай-ақ оларды басқару үшін пайдаланылатын бақылау құралдарын ескереді.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
негізгі ережелерінің қысқаша тізбесі Жарияланымға немесе Мүдделі тұлғалардың оларға қол жеткізуін қамтамасыз етуге жатады.		Комитет қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет Комитетке ұсынылатын индекстер бөлімшесінің есептерін қарау жолымен бақылау жүйесін қамтамасыз етеді.
Бұл бақылау жүйесі кезең-кезеңімен талдануы және қажет болған жағдайда жаңартылуы тиіс. Бақылау жүйесі мынадай мәселелерді реттеуге тиіс:	<i>Сақталады</i>	Бақылау жүйесін Биржа Басқармасы кезең-кезеңімен талдайды және бекітеді.
а) мүдделер қақтығысы туралы 3-қағидатқа сәйкес мүдделер қақтығысы;	<i>Сақталады</i>	Бақылау жүйесі 3-қағидатқа қатысты жауапта көрсетілгендей мүдделер қақтығысының әлеуетті жағдайларының туындауын болдырмайтындай құрылымдалған.
б) Индикаторды қалыптастыру процесінің адалдығы мен тиісті сапасы: i. Индикаторлар мен Әдістеменің сапасы туралы 6-15 қағидаттарына сәйкес Индикаторлардың тиісті сапасы мен дұрыстығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;	<i>Сақталады</i>	Биржа Басқармасы Индикаторларды қалыптастыру әдістемелерін қадағалауды, қарауды және бекітуді жүзеге асыратын орган ретінде әрекет етеді, сондай-ақ Индикаторларды қалыптастыру процесіне тартылған департаменттердің қызметін қадағалауды жүзеге асырады. Комитет Биржа өкілдерінен және "Қазақстанның қаржы ұйымдары қауымдастығы" ЗТБ өкілдерінен тұрады; оның жауапкершілік саласы тәуелсіз қадағалау, оның ішінде Индикаторларды, параметрлерді қалыптастыру әдістемелерін және Индикаторларды есептеу базасын мерзімді қайта қарау болып табылады.
ii. олардың көздерін тиісінше тексеруді қоса алғанда, Индикаторды қалыптастыру үшін шынайы кіріс деректерін беруді ынталандыру жөніндегі шаралар;	<i>Сақталады</i>	Ақпарат және статистика департаменті күн сайын есептелген және жарияланған Индикаторлар тізбесіне сәйкестігі тұрғысынан операциялық жұмыстарды жүзеге асырады. Комплаенс-қызмет мүдделер қақтығысы бөлігінде бақылауға және заңнаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеруге жауап береді, қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету мәселелері Тәуекелдерді басқару бөліміне бекітілген, ақпараттық қауіпсіздік үшін Ақпараттық және техникалық қауіпсіздік қызметі жауап береді. Индикаторларды қалыптастыру процесі автоматтандырылған; есеп айырысу үшін сауда-саттық жүйесінен деректер автоматты түрде түседі.

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>iii. 16-19-қағидаттарға сәйкес есеп беру және наразылықтармен жұмыс істеу тетіктерінің тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Мерзімді түрде, сондай-ақ Индекстің елеулі құбылмалылығы анықталған немесе үшінші тұлғалардан хабарлама алған кезде, сауда-саттық операциялары туралы деректер Ақпарат және статистика департаменті мамандарының тарапынан іріктеп тексеруден өтеді.</p> <p>Индикаторларды есептеу базаларын Комитет тұрақты негізде қайта қарайды, оның отырыстары Комитет туралы қағидаға сәйкес өткізіледі.</p> <p>Жүйедегі Индикаторларды есептеу базаларын есептеу және жаңарту автоматты түрде жүзеге асырылады, одан кейін Ақпарат және статистика департаменті есептеу базасының дұрыстығы мәніне жоғарыдан жүргізеді.</p> <p>Ақпарат және статистика департаменті Индикаторларды есептеу және әдіснамасы бөлігінде наразылықтармен жұмыс істеуге жауап береді. Егжей-тегжейлі ақпарат 16-қағидатқа қатысты жауапта берілген.</p>
<p>iv. операциялық тәуекелдерді қоса алғанда, сапалы инфрақұрылымды, тәуекелдерді басқару саясаты мен процедураларын қамтамасыз ету.</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесі қорғаудың үш желісіне негізделеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қорғаудың бірінші желісі: Биржаның барлық бөлімшелері мен жұмыскерлері; 2) қорғаудың екінші желісі: комплаенс бөлімшесі, заң бөлімшесі, тәуекелдерді басқару бөлімшесі, қадағалау бөлімшесі; 3) үшінші қорғау желісі: ішкі аудит бөлімшесінің тәуекелдердің тиімділігін тәуелсіз бағалауы. <p>Тәуекелдерді басқару процесінің кезеңдері төрт деңгейге бөлінеді.</p> <p>Тәуекелдерді сәйкестендіру – тәуекелдерді анықтау, оларды жіктеу және олардың туындау себептерін анықтау.</p> <p>Тәуекелдерді бағалау және өлшеу – сәйкестендірілген тәуекелдердің пайда болу жиілігін және олардың әсер ету ауқымын анықтау.</p> <p>Тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар және бақылау – күтілетін іс-шаралар нәтижелерінің және оларды жүзеге асыруға болжанатын шығындардың арақатынасына сүйене отырып, тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шараларды таңдау (тәуекелдер пайда болу</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>с) бұзушылықтар туралы ақпараттандыру жүйесі:</p> <p>Әкімшілер жасалуы мүмкін әлеуетті бұзушылықтарды немесе теріс қылықтарды уақтылы анықтау мақсатында бұзушылықтар туралы ақпараттандырудың тиімді жүйесін енгізуге тиіс. Бұл жүйе мүмкіндігінше осындай фактілерді сыртқы есеп берушілікке енгізуге жол беруі тиіс.</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>жағдайларынан болатын теріс салдарларды болдырмау немесе азайту), сондай-ақ осындай іс-шараларды жүзеге асыру.</p> <p>Тәуекелдер мониторингі – тәуекелдер деңгейлерінің ағымдағы мәндерін қадағалау, мұндай деңгейлерді осы тәуекелдерді бұрын жүргізілген бағалау нәтижелерімен салыстыру, тәуекелдерді басқару тиімділігін талдау.</p> <p>Биржа тәуекелдерді бақылау және тәуекелдерді басқару бойынша одан әрі шараларды таңдау үшін тәуекелдер көрсеткіштерінің сандық мәндерін және олардың барынша рұқсат етілген мәндерін бағалау нәтижелерін пайдаланады.</p> <p>Биржаның тәуекелдерді бақылау жөніндегі шаралары тәуекелдерді басқару қағидаларына сәйкес тәуекелдер көрінісінің жекелеген жағдайларының нақты сипаттамалары мен параметрлеріне байланысты жеке тәртіппен анықталады.</p> <p>Тәуекелдерді бақылау жөніндегі қандай да бір шараларды қолдану туралы шешімдерді Биржаның органдары, бөлімшелері, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Биржаның жарғысына және ішкі құжаттарына, Биржаның органдары мен лауазымды тұлғаларының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдеріне сәйкес қабылдайды.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>ұсынымдарын орындауына бағытталған шаралар жүйесін пайдалану;</p> <p>c) әрбір Индикатор үшін қандай кіріс деректері немесе Ұсынылатын мәліметтер ұсынылуы тиіс екендігін көрсете отырып, Мәліметтерді беру кезеңділігін анықтау;</p> <p>d) кіріс деректерін немесе Берілетін мәліметтерді тиімді бақылау және тексеру үшін шараларды әзірлеу және пайдалану. Олардың құрамына осы ақпаратты кіріс деректеріндегі немесе Берілетін мәліметтердегі қателерді анықтау және жою мақсатында жүзеге асырылатын Индикаторды қалыптастыруда пайдалану алдында және Индикаторды жариялау алдында кезеңдерде бақылау, сондай-ақ үрдістер мен ауытқуларды кейіннен талдау кіруі тиіс.</p>		
5. Қағидат: Ішкі қадағалау – Сәйкес келеді		
<p>Әкімшілер Индикаторды қалыптастыру процесінің барлық аспектілерін бақылау және даулау үшін қадағалау органының болуын көздеуі тиіс. Осы органның функциясына Индикаторды пайдаланудың болжамды, күтілетін немесе белгілі тәртібін және</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Ақпарат және статистика департаменті Индикаторларды қалыптастыру процесін әкімшілендіруге жауап береді және Биржа Басқармасына есеп береді. Биржа Басқармасы Индикаторларды қалыптастыру процесіне байланысты процедуралар мен саясатты бақылауды жүзеге асырады және бекітеді.</p> <p>Қадағалау функциясын Биржаның мамандарынан және "Қазақстанның қаржы ұйымдары қауымдастығы" ЗТБ-ның тәуелсіз өкілінен тұратын</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>анықталған қолданыстағы немесе әлеуетті мүдделер қақтығыстарының мәнділігін талдау кіреді.</p> <p>Қадағалау функциясын арнайы комитет немесе өзге де тиісті басқару органы жүзеге асырады. Қадағалау органы мен оған кіретін тұлғалардың Әкімшіні тиімді тексеруді қамтамасыз ету үшін тиісті өкілеттіктері мен біліктілігі болуы тиіс. Мұндай қадағалау органы активтердің түрі немесе сыныбы бойынша Индикаторлар топтарын олар осы Қағидаттың талаптарын басқада орындаған жағдайда ғана қарай алады.</p> <p>Әкімші ішкі қадағалау функциясына жататын процедураларды әзірлейді және өзекті жағдайда ұстайды. Бұл процедуралар құжаттамамен рәсімделеді, ал Реттеуші органдар (олар болған кезде) оған қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Мүдделі тұлғаларға көрсетілген процедуралардың негізгі параметрлеріне Рұқсаттама беріледі. Процедуралар:</p> <p>а) қадағалау органының өкілеттіктерін;</p> <p>б) қадағалау органының мүшелерін іріктеу критерийлерін;</p> <p>с) комитеттегі немесе қадағалау функциясын жүзеге асыратын органдағы мүшелік шарттарының,</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Комитет жүзеге асырады. Комитетті Биржа Басқармасы мүшелерінің бірі басқарады.</p> <p>Биржа басқармасы ІАҚ жасаған ішкі бақылау құралдары бойынша есептерді, сондай-ақ ТББ дайындаған операциялық тәуекелдер бойынша есептерді қарау және бекіту үшін жауап береді.</p> <p>Биржа Басқармасы туралы қағида және Комитет туралы қағида Биржаның ресми сайтында орналастырылған. Аталған құжаттарға реттеуші орган сияқты, бөгде мүдделі тұлғалар да қол жеткізе алады.</p> <p>Мүшелерді іріктеу критерийлері және сайлау процестері, жоғарыда келтірілген органдардың мүшелерін тағайындау және өкілеттіктерінен босату немесе ауыстыру олардың өкілеттіктерінің сипаттамасында көрсетілген.</p> <p>Биржа Басқармасы мен Комитеттің мүшелері Биржа биржалық саудасаттықты жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған Биржаның ішкі құжаттарының ережелерін ұстануға және оған сәйкес қажеттілігіне қарай мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпарат беруге міндетті.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>мүдде қақтығыстары туралы декларацияның, сайлау процедурасының, комитет мүшелерін тағайындау және өкілеттіктерінен босату немесе ауыстыру шарттарының қысқаша тізбесін қамтиды.</p> <p>Қадағалау органының міндеттері:</p> <p>а) Индикатордың құрылымын қадағалау:</p> <ul style="list-style-type: none"> i. Индикатордың сипаттамасын және оны қалыптастыру әдістемесін мерзімді тексеру; ii. Индикаторға байланысты проблемалар мен тәуекелдер туралы өзінің хабардар болуын қолдау, Индикаторды тексеру үшін сыртқы сарапшыларды тарту (қажеттілігіне қарай); iii. Базалық активті тиісінше өлшеу қабілетін әдістеменің сақтауын бағалауды, ұсынылған және жүзеге асырылған өзгерістерді тексеруді, осы өзгерістерді бекітуді немесе Әкімшіге Мүдделі тұлғалармен (егер ол белгілі болса) немесе өзінің Жазылушыларымен 12-қағидатқа сәйкес осындай өзгерістерге қатысты кеңес беруді қоса алғанда, Индикаторды қалыптастыру 	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Биржа Басқармасы мен Комитет Индикаторлардың құрылымын қадағалауға жауап береді.</p> <p>Биржа Басқармасы Индикаторларды қалыптастыру әдістемелерін қарайды және бекітеді, Әдістемелердің тиісті сипатын және Индикаторды есептеуді тоқтату қажеттігін бағалайды.</p> <p>Комитет кезең-кезеңімен Индикаторларды қалыптастыру әдістемелерін тәуелсіз қарауды жүргізеді.</p> <p>Индикаторларды қалыптастыру процесіне қатысатын барлық департаменттер Биржа Басқармасы алдында есеп береді, сондықтан ол Индикаторларды қалыптастыруға байланысты мәселелер мен тәуекелдер туралы хабардар.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>әдістемесіндегі барлық өзгерістерді қадағалау;</p> <p>iv. осындай тоқтату мәселесі бойынша Мүдделі тұлғалармен Әкімшіге кеңес беру тәртібін анықтайтын нұсқаулықтарды қоса алғанда, Индикаторды есептеуді тоқтату процедураларын тексеру және бекіту.</p> <p>b) Индикатордың адал қалыптасуын және бақылау жүйесін қадағалау:</p> <p>i. үшінші тұлғалар жүзеге асыратын Индикаторды қалыптастыру жөніндегі қызметті қоса алғанда, Индикаторды басқаруды және пайдалануды қадағалау;</p> <p>ii. ішкі және сыртқы тексерулердің нәтижелерін қарау, осы тексерулердің нәтижелері бойынша жасалған ескертулерді жою жөніндегі кейінгі қызмет;</p> <p>iii. Әкімшінің Сараптамалық пікірді қалыптастыруын қадағалау, Жарияланған Әдістемелердің орындалуын қамтамасыз ету.</p> <p>Әкімшінің ішінде оның меншік иелерінің құрылымына немесе бақылау пакеттерінің иелеріне немесе Әкімшінің бақылау пакеттерінің меншік иелері немесе иеленушілері болып</p>	<p><i>Сақталады</i></p> <p><i>Қор нарығының индикаторларын есептеу әдістемесіне толықтыру</i></p>	<p>Индикаторларды қалыптастыру процесіне тартылған барлық департаменттер Биржа Басқармасына есептер ұсынады.</p> <p>Биржа Басқармасы Индикаторларды қалыптастыру процесіне тартылған департаменттердің есептерін қарайды және тиісті Әдістемелерді бекітеді.</p> <p>Басқарма сыртқы тексерулердің нәтижелерін қарайды және ескереді, сондай-ақ сыртқы тексерулердің нәтижелері бойынша анықталған ескертулерді жою жөніндегі кейінгі іс-шараларды анықтайды.</p> <p>Комитет Биржа қызметкерлерінен және "Қазақстанның қаржы ұйымдары қауымдастығы" ЗТБ өкілдерінен тұрады. Комитет Биржа Басқармасына есеп береді.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>табылатын тұлғалар жүзеге асыратын басқа да қызметке немесе Әкімші немесе онымен аффилиирленген тұлғалар жүзеге асыратын басқа да қызметке байланысты мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі болған кезде Әкімші құрамына Мүдделі тұлғалардың (егер олар белгілі болса), Жазылушылардың және тиісті мүдделер қақтығысын өтейтіндей таңдалатын мәліметтерді ұсынатын Тұлғалардың өкілдері кіретін тәуелсіз қадағалау органын бекітеді.</p> <p>Егер Индикаторларды қалыптастыру Ұсынылатын мәліметтер негізінде жүзеге асырылса, қадағалау органы Ұсынылатын мәліметтерді тиісті қадағалауды және даулауды мынадай жолмен қамтамасыз етуі тиіс:</p> <p>а) Әкімшінің кіріс деректерін немесе Берілетін мәліметтерді тексеру және мониторингтеу жөніндегі қызметін қадағалауды жүзеге асыру және оны даулау. Бұл жұмыс кіріс деректерін немесе Ұсынылатын мәліметтерді үнемі талқылауды, кіріс деректерін немесе Ұсынылатын мәліметтерді талдауға болатын параметрлерді анықтауды немесе әдеттен тыс кіріс деректерін немесе Ұсынылатын мәліметтерді</p>	<p><i>енгізілген жағдайда сақталады</i></p> <p><i>Қолданылмайды</i></p>	<p>Биржаның индикаторлары ұсынылатын мәліметтерге байланысты емес, сондықтан бұл бөлік Биржаға қолданылмайды.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>даулауда немесе іріктеуде Өкімшінің рөлін анықтауды қамтуы мүмкін:</p> <p>b) "Мәліметтер ұсынатын тұлғаларға арналған әдеп кодексін" қадағалауды жүзеге асыру;</p> <p>c) "Мәліметтер ұсынатын тұлғалар үшін Әдеп кодексін" бұзушылықтарды жою үшін тиімді шараларды енгізу;</p> <p>d) Ұсынылатын мәліметтердің әлеуетті ауытқушылығын немесе күмәнділігін анықтау жөніндегі шараларды енгізу, ал күмәнді қызмет анықталған кезде – осындай қызмет туралы, сондай-ақ қадағалау органына, тиісті Реттеуші органдарға (болған жағдайда) белгілі болған мәліметтерді ұсынатын Тұлғалар тарапынан бұзушылықтар туралы ақпарат жіберу.</p>		
<p>6. Қағидат: Индикатордың құрылымы – Сәйкес келеді</p>		
<p>Индикатордың құрылымы ол өлшейтін Активтің нақты экономикалық параметрлерін дәл және сенімді ұсынуды қамтамасыз етуге және Индикатор көрсеткен бағаны, мөлшерлемені, индексті немесе</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Индикатордың құрылымы туралы және Индикаторлармен өлшенетін активтер туралы егжей-тегжейлі ақпарат Индикаторларды қалыптастырудың тиісті әдістемелерінде берілген. Индикаторларды қалыптастыру қағидаттары Индикаторлардың бұрмалануына әкелуі мүмкін факторларды жояды.</p>

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>бағалауды бұрмалауы мүмкін факторларды жоюға тиіс.</p> <p>Индикатордың құрылымы мынадай өзіндік емес сипаттамаларды ескеруі тиіс, бұл ретте нақты Активке байланысты өзге де сипаттамалар ескерілуі тиіс:</p> <p>а) Активті ұсыну үшін пайдаланылатын іріктеменің жеткіліктілігі;</p> <p>б) тиісті нарықтың мөлшері мен өтімділігі (мысалы, баға белгілеуді қадағалауға болатын ашық қамтамасыз ету үшін сауда-саттықтың жеткілікті көлемінің болуы);</p> <p>с) базалық нарықтың Индикаторға сілтеме жасайтын нарықтағы сауда-саттық көлемімен салыстырғанда салыстырмалы мөлшері;</p> <p>д) нарыққа Қатысушылар арасында сауда-саттық көлемін бөлу (нарықты шоғырландыру);</p> <p>е) нарық динамикасы (мысалы, Индикаторды есептеу негізінде жатқан активтердегі өзгерістерді Индикатормен көрсетуді қамтамасыз ету үшін).</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Индикаторлар есебінің негізінде Биржаның сауда-саттық жүйесінен алынған мәмілелер, өтінімдер жатыр. Индикаторларды қалыптастыру әдістемесіне сәйкес Индикаторларды есептеу кезінде мыналар ескеріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Акциялар индекстері: Есеп базасын қалыптастыру кезінде free-float, өтімділік, нарықтық капиталдандыру мөлшері, акциялар эмитентінің қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері пайдаланылады; • Облигациялар индекстері: Есептеу базасын қалыптастыру кезінде шығару көлемі, маркет-мейкердің болуы, купондық төлемдер бойынша деректердің болуы сияқты өлшемдер пайдаланылады; • Есеп базасын қалыптастыру кезінде МБҚ индекстері орналастырылған бағалы қағаздардың саны, өтеуге дейінгі мерзім, купондық төлемдер бойынша деректердің болуы сияқты критерийлер пайдаланылады. • Репо және своптар мөлшерлемелерінің индикаторлары: сауда-саттық тәртіптемесі және бағалы қағаздардың түрі бойынша критерийлер пайдаланылады, мөлшерлемелер нарыққа қатысушылардың күтулерін ескере отырып анықталады. <p>Әдістемелер кіріс деректері болмаған немесе жеткіліксіз болған кезде Индикаторларды дұрыс есептеу үшін орындалуы тиіс процедуралар туралы қағидаларды қамтиды. Мұндай процедуралар сауда-саттық операциялары немесе алдыңғы күнгі баға белгілеулер туралы соңғы деректерді пайдалануды, Есептеу базаларындағы және есептеу параметрлеріндегі өзгерістерді қамтиды.</p>
<p>7. Қағидат: Деректердің жеткіліктілігі – Сәйкес келеді</p>		

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>Индикаторды қалыптастыру үшін пайдаланылатын деректер Индикатормен өлшенетін Активті дәл және сенімді ұсыну үшін жеткілікті болуы тиіс және:</p> <p>а) бағаларды анықтау жүйесінің сенімділігіне сенімділікті қамтамасыз ету үшін сұраныс пен ұсыныстың бәсекелес күштері қалыптастырған бағаларға, мөлшерлемелерге, индекстерге немесе бағаларға негізделуге;</p> <p>б) бағалардың, мөлшерлемелердің, индекстердің немесе бағалардың сенімді индикаторы ретінде осы Индикаторды пайдалануды қамтамасыз ету үшін Индикатормен өлшенетін Актив айналысы нарығында сатып алушылар мен сатушылар арасында нарықтық шарттарда жасалған бақылауға жататын мәмілелермен расталуға тиіс.</p> <p>Бұл Қағидат Индикаторды қалыптастыру негізінде нарықтық шарттарда (яғни Индикатор осындай нарыққа байланыстырылуы) қадағалауға болатын адал мәмілелері бар жанданған нарық болуын талап етеді. Бұл әрбір жеке Индикатор мәмілелер туралы мәліметтер негізінде ғана қалыптасуы тиіс дегенді білдірмейді. Қарқынды нарық болған жағдайда оның конъюктурасы қандай</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Деректер Биржаның – Қазақстан Республикасының реттелетін нарығының сауда-саттық алаңынан тікелей түседі.</p> <p><u>Валюта бағамының валюталық индикаторы:</u> Биржа Биржадағы сауда-саттықтың барлық қатысушыларына арналған орындалған өтінімдер негізінде валюта бағамдарының есебін орындайды. Валюталық индикаторлар сауда-саттық мәмілелерінің орташа құны негізінде анықталады.</p> <p><u>Своптар бойынша валюталық мөлшерлемелер:</u> Индикаторларды есептеу Биржаның сауда-саттық алаңында айналыста болатын валюталық своптар туралы ақпаратқа негізделген.</p> <p>Акциялар индексі: Биржаның сауда-саттық жүйесінде ашық сауда тәртіптемесінде жасалған мәмілелер негізінде есептеледі.</p> <p><u>Облигациялар индекстері:</u> ашық сауда тәртіптемесінде жасалған мәмілелер немесе Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімдер негізінде есептеледі.</p> <p><u>Репо мөлшерлемелерінің индикаторлары:</u> Индикаторларды есептеу Биржаның сауда-саттық алаңдарында айналыста болатын бағалы қағаздармен репо ашу мәмілелері туралы ақпаратқа негізделген.</p> <p><u>Қазақстан мемлекеттік облигацияларының купонсыз кірістілік қисығы</u> Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша аукциондар өткізу барысында қалыптасқан бағалар және TONIA репо нарығы индикаторының тәуекелсіз мөлшерлемесі негізінде есептеледі.</p> <p>Индикаторлар және Мемлекеттік бағалы қағаздардың купонсыз кірістілік қисығы Әдістемеде белгіленген формулалар бойынша есептеледі.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>да бір нақты күні Әкімшіден бақылауға болатын нарықтық деректерге байланысты әртүрлі нысандағы деректерді мәмілелерге толықтыру немесе қосымша ретінде пайдалануды талап ете алады. Әкімші пайдаланатын Әдістемеге байланысты бұл жеке Индикатордың ұсыныс бағалары мен сұраныс немесе өткен мәмілелердің экстраполяциясы негізінде басымдықпен немесе тек қана қалыптасуына әкелуі мүмкін. Бұл туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат 8-қағидатта келтіріледі.</p> <p>(a) және (b) тармақшаларын орындаған жағдайда, 7-қағидат Индикатордың Әкімшілеріне нарықтық шарттарда адал мәмілелерден тұратын қадағаланатын нарыққа байланыстырылған Индикаторларды құру үшін ұсыныстың немесе сұраныстың орындалатын бағаларын пайдалануға тыйым салмайды.</p> <p>Бұл Қағидат сондай-ақ ережелерге, индекстің немесе нарықтың құбылмалылығына немесе мінез-құлқына немесе жанданған нарықтың өзге де аспектілеріне негізделген инвестициялық стратегияның тиімділігін өлшеу немесе көрсету үшін әртүрлі индекстер әзірленуі мүмкін екенін мойындайды. 7-қағидат мәмілелер бойынша деректер болып табылмайтын деректерді мәмілелерді</p>		

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>ұсынуға арналмаған индекстер үшін пайдалануды жоққа шығармайды және индекстің табиғаты бойынша Активті көрсету үшін мәмілелер бойынша деректер болып табылмайтын деректер пайдаланылатын жағдайларда осы индекспен өлшенуі тиіс. Мысалы, кейбір құбылмалылық индекстерінде мәмілелер бойынша деректер болып табылмайтын деректер ғана пайдаланылады, бірақ бұл деректер бағалы қағаздардың немесе опциондардың нақты жұмыс істейтін нарығы бойынша алынған және осылайша оған "байланыстырылған".</p>		
<p>8. Қағидат: Кіріс деректерінің құрылымы – Сәйкес келеді</p>		
<p>Әкімші Индикаторларды қалыптастыру үшін пайдаланылатын кіріс деректерінің құрылымы және сараптамалық пікірлерді қалыптастыру бойынша нақты нұсқаулықтарды әзірлейді және жариялайды немесе оларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Әдетте, кіріс деректерінің құрылымы:</p> <p>а) берілетін мәліметтер негізінде қалыптастырылатын Индикаторлар үшін – базалық активтер нарықтарында немесе олармен байланысты нарықтарда мәліметтер беретін Тұлғалардың</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Әрбір Индикатор үшін кіріс деректерінің сипаттамасы Биржаның сайтында ашық қолжетімді болатын Индикаторды қалыптастырудың тиісті әдістемелерінде келтіріледі. Әрбір Индикатордың егжей-тегжейлі сипаттамасы 6-қағидатқа қатысты біздің жауапта берілген.</p> <p>Биржаның индикаторлары Биржаның сауда-саттық алаңынан алынған деректерге негізделген. Индикаторларды анықтау үшін өзге жүйелердегі мәліметтер пайдаланылмайды.</p> <p>Есептеу базасы мен бағалы қағаздардың еркін айналыстағы үлесін ескеретін коэффициентті қалыптастыру үшін Әдістеменің критерийлері және Комитеттің сараптамалық пікірі пайдаланылады.</p> <p>Есептеу базасын қалыптастыруға арналған критерийлер тиісті Әдістемелерде көрсетілген. Комитет өз ұсынымдарын мерзімдік негізде, сондай-ақ Әдістемелерде көрсетілген уақиғалар туындаған кезде ұсынады. Комитет Әдістемеде көрсетілген ерекше өкілеттіктерге сәйкес Есеп айырысу базасына қандай да бір бағалы қағаздарды енгізу немесе шығару жөнінде ұсынымдар беруге құқылы.</p>

ЕСЕП

БҚКХҮ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>өздері жасаған нарықтық шарттардағы мәмілелерді;</p> <p>b) базалық актив бойынша нарықтық шарттарда Мәмілелер бойынша есептерде қамтылған немесе қадағалануға жататын деректерді;</p> <p>c) есептерде қамтылған немесе тиісті нарықтардағы нарықтық шарттарда Мәмілелер бойынша қадағаланатын деректерді;</p> <p>d) ұсыныс пен сұраныстың тұрақты (орындалатын) бағаларын;</p> <p>e) нарық бойынша басқа ақпаратты немесе Сараптамалық пайымдауларды қамтиды.</p> <p>Деректердің жеткіліктілігі қағидатын орындаған жағдайда (яғни, қарқынды нарық бар) бұл Қағидат Әкімшінің Әдістемеді тұжырымдалған Индикаторлардың сапасын, дұрыстығын, салыстырмалылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі Әкімшінің саясатына сәйкес келетін кіріс деректерін пайдалануға деген тәсілдің икемділігін шектеуді көздемейді. Әкімшіде өзінің Индикаторының сапасы мен дұрыстығын қамтамасыз ету әдістемесіне сәйкес қолайлы деп санайтын кіріс деректерін пайдалануға икемді тәсіл мүмкіндігі сақталады. Мысалы, кейбір Әкімшілер мәмілелер бойынша деректерге үнемі күнделікті</p>		<p>Бағалы қағаздардың еркін айналыстағы үлесін ескеретін коэффициент Биржаның сайтында ашық қолжетімділікте болатын Әдістемеге сәйкес қалыптастырылады. Коэффициенттерге қатысты сараптамалық пайым Комитеттің ұсынымдары негізінде шығарылады. Комитеттің отырысы Хаттамамен рәсімделеді</p> <p>Есептеу базасының, коэффициенттердің өзгерістері Биржаның ресми сайтында жарияланады</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>қол жеткізу болмағанда, қарқынды, бірақ өтімділігі төмен нарықта индикаторды қалыптастыру үшін Сараптамалық пайымды пайдалану туралы шешім қабылдай алады. БҚКХҰ сондай-ақ ұсыныстың немесе сұраныстың расталған бағасы әдеттегі емес деректермен мәмілеге қарағанда неғұрлым ақпараттық болуы мүмкін жағдайлар (мысалы, өтімділігі төмен нарық) орын алуы мүмкін екенін мойындайды. Мұндай жағдайларда ұсыныс пен сұраныс бағалары және алдыңғы мәмілелерден экстраполяциялар сияқты мәмілелер бойынша деректер болып табылмайтын деректер нақты Индикаторды қалыптастыру кезінде артықшылықты болуы мүмкін.</p>		
<p>9. Қағидат: Индикаторларды қалыптастырудың ашықтығы – Сәйкес келеді</p>		
<p>Индикатор үшін Әкімші соңғы мерзімдерді бұзбай сипаттама беруге және ақылға қонымды көлемде жариялауға тиіс:</p> <p>а) Мүдделі тұлғаның немесе Қаржы нарықтарын қадағалау жөніндегі органның Индикатордың қалай қалыптастырылғанын түсіну мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті қысқаша түсініктемелер, ең болмағанда, бағалаған нарықтың мөлшері мен өтімділігін (деректер ұсынылған мәмілелердің</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Биржаның реттелетін нарық болуына байланысты Индикаторларды қалыптастыру үшін пайдаланылған сауда-саттық операциялары туралы деректер Биржаның сайтында ашық қолжетімділікте. Индекстердің әрбір тобы үшін Индикаторларды қалыптастыру процедурасы Биржаның сайтында ашық қолжетімді.</p> <p>Индекстердің әрбір тобы үшін Индикаторларды қалыптастыру процедуралары стандартты болып табылады және күнделікті негізде қосымша сипаттаманы талап етпейді. Әрбір Әдістемеде Индикаторларды есептеу үшін формулалар және Есептеу базасын қалыптастыру үшін негіз келтіріледі. Әдістеменің немесе Есептеу базасының кез келген өзгерістері егжей-тегжейлі түсіндірмемен және статистикалық ақпаратпен бірге Биржаның сайтында жарияланады. Есеп айырысу базасына енгізілген бағалы қағаздардың тізбесі де Биржаның сайтында ашық қолжетімді.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>саны мен көлемі), көлемдер ауқымы мен орташа көлемін, бағалар ауқымы мен орташа бағаны, Индикаторды қалыптастыру; сондай-ақ Бағаны анықтау әдістемесіне қатысты шарттар (яғни, спред негізінде, интерполяция/экстраполяция әдісімен мәмілелер негізінде) көрсетілуге тиіс;</p> <p>b) Индикаторды қалыптастыру кезінде Сараптамалық пайым (егер пайдаланылса) пайдаланылған көлемге және негіздерге қатысты қысқаша түсініктемелер.</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Биржаның ресми бетінде әрбір Индикатор үшін бөлімдер қалыптастырылған, онда Индикаторлардың параметрлері және Индикатордың өкілетті тізіміне кіретін қаржы құралдары бойынша мәмілелердің көлемі келтіріледі.</p> <p>Сараптамалық пікір хаттамамен рәсімделеді, оның негізінде жаңалық Биржаның ресми сайтында жарияланады.</p> <p>Сараптамалық пайымды қалыптастыру нәтижелері 8-қағидатқа қатысты жауапта ұсынылған.</p>
<p>10. Қағидат: Тұрақты талдау – сәйкес келеді</p>		
<p>Әкімші Индикатормен өлшенетін базалық Активтің жай-күйіне онда Әдістемені өзгертуді талап ететін құрылымдық өзгерістер болмағанын анықтау үшін мезгіл-мезгіл талдау жүргізуі тиіс. Әкімші сондай-ақ Активтің жұмыс істеуінің қысқартылуы немесе тоқтап қалуы бұдан былай сенімді Индикаторды қалыптастыру үшін негіз бола алмайтындығын мезгіл-мезгіл тексереді.</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Биржа Басқармасы мен Комитет Әдістемелерді өзгерту қажеттілігін анықтау, сондай-ақ Индикаторлардың сенімділігін қолдауды қамтамасыз ету үшін Индикаторларды қалыптастыру әдістемелерін кезең-кезеңімен қарайды.</p> <p>Акциялар, облигациялар индекстерін қалыптастыру үшін Биржа Есеп базаларын пайдаланады, оларды Комитет кезең-кезеңімен қайта қарайды. Индикаторларды қалыптастыру әдістемесін Биржа Басқармасы бекітеді. Мұндай қайта қарау Әдістемелерге сәйкес жүзеге асырылады, бұл Базаға белгіленген критерийлерді қанағаттандырмайтын компоненттерді енгізуді болдырмауға мүмкіндік береді.</p> <p>Комитет Есеп базасының компоненттерін кезектен тыс қайта қарауды мынадай жағдайларда жүргізе алады:</p> <p>репрезентативті емес компоненттерді алып тастау (мысалы, банкроттық немесе қайта ұйымдастыру сияқты бірқатар корпоративтік уақиғалар басталған кезде);</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>параметрлерді қоса алғанда, Индикаторды әзірлеу үшін пайдаланылған барлық өлшемдер мен процедуралар, Әкімшінің Сараптамалық пайымдауларын қалыптастыруды регламенттейтін нұсқаулықтар, деректердің белгілі бір түрлеріне берілген басымдық, Индикаторды анықтау үшін қажетті деректерге қойылатын ең төменгі талаптар және экстраполяция модельдері немесе әдістері;</p>		<p>коэффициенттерді есептеуді, өкілетті тізімдегі бағалы қағаздар үшін шектеу үлестерін, салмақ коэффициенттерінің мәнін қамтиды. Бұдан басқа, Әдістемелерде Есептеу базасын анықтау, сондай-ақ оларды қайта қарау және кейбір корпоративтік уақиғалар туындаған кезде оларға өзгерістер енгізу қағидаттары қамтылған.</p>
<p>с) Индикаторлардың барлық есептеулері кезінде сараптамалық пікірлерді қалыптастыруда біркелкілікті қамтамасыз ету үшін әзірленген процедуралар мен практикалар;</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Сараптамалық пайымды қалыптастыруға қатысты процедуралар Әдістемелер шеңберінде келтіріледі және 8-қағидатқа қатысты жауапта сипатталады.</p>
<p>д) нарықтардағы күйзеліс немесе опырылу кезеңдерінде немесе деректер көздерінің қолжетімсіздігі кезеңдерінде Индикаторды қалыптастыру кезінде пайдаланылатын процедуралар (мысалы, теориялық бағалау модельдері);</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Әдістемелер кіріс деректері болмаған немесе жеткіліксіз болған кезде Индикаторларды дұрыс есептеу үшін орындалуы тиіс процедуралар туралы қағидаларды қамтиды. Онда қазақстандық нарықтағы жағдайдың дәлдігі мен шынайы көрсетілуіне теріс әсер етуі мүмкін жағдайлар көрсетілген. Биржа Индекстердің дәлдігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдауға міндеттенеді (сауда-саттық операциялары немесе алдыңғы күнгі баға белгілеулер туралы соңғы деректерді, Есептеу базаларындағы және есептеу параметрлеріндегі өзгерістерді пайдалана отырып).</p>
<p>е) Индикаторды қайта қарауды көздейтін жағдайларды қоса алғанда, қателер туралы хабарламаларға ден қою процедуралары;</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Индекстерді қалыптастыру тәртібін регламенттейтін Биржаның ішкі құжаттары техникалық іркілістерге байланысты есептеу кезінде қателердің туындауына байланысты рәсімдер туралы ережелерді қамтиды. Биржаның ішкі құжаттарында Биржаның техникалық ақау туралы хабарламадан кейін барынша жедел мерзімде қайта есептеуді жүргізуі тиіс екендігі көзделген.</p>

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>f) ішкі тексерулердің кезеңділігіне және Әдістемені бекітуге қатысты ақпарат: жарияланған Әдістемелер сондай-ақ Әдістеменің сыртқы тексерулерінің процедуралары мен кезеңділігі туралы ақпаратты қамтуы тиіс;</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Индекстер мен индикаторлардың мәндерін қайта есептеу кезінде Биржа сайтында тиісті хабарлама жарияланады.</p> <p>Индекстерді қалыптастыру тәртібін регламенттейтін Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Әдістемелер оларды өзектендіру мақсатында үш жылда бір рет қайта қаралады. Әдістеменің барлық өзгерістерін Басқарма бекітеді.</p> <p>Есептеу базалары Әдістемеде көрсетілген бірқатар мән-жайлардың (мысалы, жекелеген эмитенттерге қатысты корпоративтік уақиғалар немесе Биржада сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздар тізбесінен акцияларды алып тастау) басталуына дәлелдемелер алған кезде қажеттілігіне қарай қайта қаралуы мүмкін.</p>
<p>g) мән-жайларға байланысты Әкімші Мүдделі тұлғалармен кеңес беру өткізетін жағдайлар мен процедуралар;</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Мүдделі тұлғалармен кеңесуге жаңа Әдістемелер қабылданған немесе қолданыстағы Әдістемелер (оның ішінде Есептеу базаларындағы өзгерістер) өзгерген жағдайда жол беріледі.</p> <p>Мүдделі тұлғалармен кеңесулер тиісті жұмыс тәжірибесі мен білімі бар және Индикаторларды қалыптастыру процесіне қатыспайтын негізгі Мүдделі тұлғаларды қамтитын Жұмыс топтары арқылы жүзеге асырылады.</p>
<p>h) оны өтімді немесе бөлшектелген нарықтарда пайдалануды және кіріс деректерінің рұқсат етілген шоғырлануын қоса алғанда, Индикатор үшін әлеуетті шектеулерді көрсету.</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Әдістемелер Индикаторлар үшін әлеуетті шектеулер туралы ережелерді қамтиды. Қазақстандық қор және валюта нарықтарының нақты жай-күйіне Индикаторға немесе Индикаторды көрсету дәлдігіне теріс әсер етуі мүмкін мән-жайлар немесе уақиғалар туындаған кезде Биржа бағалы қағаздарды Есеп базасынан алып тастауды, Әдістемеде көрсетілген Индикаторларды есептеу кезінде пайдаланылған параметрлердің мәндерін белгілеуді қоса алғанда, Индекстің дәлдігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.</p>
<p>Ұсынылатын мәліметтер негізінде қалыптастырылатын Индикаторлар үшін сондай-ақ қосымша Қағидат қолданылады:</p>	<p><i>Қолданылмайды</i></p>	<p>Бұл бөлім Биржаға қолданылмайды, себебі Индикаторлар ұсынылатын мәліметтерге тәуелді емес.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>Әкімші ұсынылатын мәліметтерді Индикаторға енгізу және оларды одан алып тастау үшін нақты критерийлерді белгілеуі тиіс. Бұл критерийлерде, егер ол Әкімшінің юрисдикциясынан тыс болса, мәліметтер беретін Тұлғаның орналасқан жерінен туындайтын барлық проблемалар ескерілуге тиіс. Бұл өлшемдер барлық тиісті Реттеуші органдарға қолжетімді болуы тиіс (олар болған жағдайда); оларды Жариялау жүзеге асырылуы және Мүдделі тұлғалардың оларға қол жеткізуі қамтамасыз етілуі тиіс. Хабарлау мерзімдерін қоса алғанда, олардың құрамындағы өзгерістерге қатысты ережелер нақты жазылуы тиіс.</p>		
<p>12. Қағидат: Әдістемедегі өзгерістер – Сәйкес келеді</p>		
<p>Әдістемеге елеулі өзгерістер енгізу туралы ұсыныс туындаған жағдайда Әкімші осындай өзгерістерді енгізудің негіздемелері мен процедураларының қол жетімділігін жариялауды жүзеге асыруға немесе қамтамасыз етуге тиіс. Бұл процедураларда елеулі өзгерістің неден тұратындығының нақты сипаттамасы, Жазылушылармен (және басқа да Мүдделі тұлғалармен (қажет болған жағдайда) Индикаторды пайдаланудың кеңдігі мен тереңдігін назарға ала отырып) кеңес беру нысаны мен мерзімдері немесе</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Әдістемелерге сәйкес есептеу алгоритмдеріндегі, Есептеу базаларын, кіріс деректерін, есептеу кезеңдерін қайта қарау процесіндегі өзгерістер елеулі өзгерістер болып саналады. Редакциялық және/немесе нақтылау сипаты бар және есептеу тәртібіне әсер етпейтін өзгерістер елеусіз болып есептеледі.</p> <p>Индикаторларды қалыптастыру әдістемелеріндегі барлық өзгерістер Комитеттің тексеруінен өтеді және содан кейін Биржаның Басқармасы бекітеді. Әдістеменің бекітілген өзгерістері Биржаның ресми сайтында баспасөз хабарламалары немесе жаңалықтар түрінде өзгерістерді негіздеумен және өзгерістерді енгізу мерзімдерін көрсетумен бірге жарияланады.</p> <p>Индикаторларды қалыптастыру әдістемелеріндегі барлық өзгерістер туралы ақпарат пайдаланушылардың оларға дайындалу уақыты болуы</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>олардың өзгерістер туралы хабарламалары келтірілуі тиіс.</p> <p>Бұл процедуралар Әкімшінің өзі қалыптастырған барлық Индикаторлардың дұрыстығын қамтамасыз ету жөніндегі басым мақсатына қайшы келмеуі тиіс. Өзгерістер енгізу туралы ұсыныс туындаған жағдайда Әкімші бұл өзгерістердің беретінін және болжамды түрде күшіне енгенін нақты көрсетуі тиіс.</p> <p>Әкімші қадағалау органын Әдістемеге енгізілетін өзгерістермен таныстыру тәртібін көрсетуге тиіс.</p> <p>Әкімші қадағалау органы елеулі деп таныған және Индикаторды пайдаланудың кеңдігі мен тереңдігіне, сондай-ақ Мүдделі тұлғалардың ерекшелігіне сәйкес келетін және бара-бар Әдістемеге өзгерістер енгізу мәселелері бойынша Мүдделі тұлғалармен кеңес беру процедураларын әзірлеуге тиіс. Процедуралар:</p> <p>а) Әкімшінің жалпы жағдайды бағалауын ескере отырып, осындай елеулі өзгерістердің салдары туралы өз түсініктемелерін талдау және тұжырымдау үшін Мүдделі тұлғаларға жеткілікті мүмкіндік</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>үшін осы өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін кемінде 15 күн бұрын Биржа сайтында ашылады.</p> <p>АжСД Индикаторларды қалыптастыру әдістемесін кезең-кезеңімен талдайды.</p> <p>"Қаржы индикаторларын қалыптастыру" бизнес-процестерінің картасы Әдістемеге өзгерістер енгізу мәселелері бойынша Мүдделі тұлғалармен кеңес беру процедураларын көздейді.</p> <p>Қалыптасқан практика бойынша Мүдделі тұлғалармен кеңесулер тиісті жұмыс тәжірибесі мен білімі бар және Индикаторларды қалыптастыру процесіне қатыспайтын негізгі Мүдделі тұлғаларды қамтитын Жұмыс топтары арқылы жүзеге асырылады.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>беретін алдын ала хабарлауды және нақты уақыт шегін көздеуге;</p> <p>b) түсініктеме беруші өз түсініктемелерінің құпиялылығын қамтамасыз етуді талап ететін жағдайлардан басқа, кеңес беруді жүргізудің әрбір кезеңінен кейін осы түсініктемелерге Әкімшінің қысқаша түсініктемелері мен қысқаша жауаптарының қысқаша тізбесіне барлық Мүдделі тұлғаларға рұқсат беруді көздеуге міндетті.</p>		
<p>13. Қағидат: Өтпелі кезең – Сәйкес келеді</p>		
<p>Әкімшілердің нарық құрылымының, өнім сипаттамасының өзгеруіне, өзі өлшейтін Активке қатысты Индикаторды репрезентативті етпейтін өзге де жағдайларға байланысты Индикаторды есептеуді тоқтату жағдайлары үшін нақты жазбаша рәсімделген саясаты мен іс-қимыл процедуралары болуы тиіс. Бұл саясат пен процедуралар Индикаторға сілтеме жасайтын келісімшарттар мен қаржы құралдарының болжамды кендігі мен тереңдігіне және Индексті есептеуді тоқтатудың экономикалық және қаржылық ахуалдың тұрақтылығына әсеріне сәйкес келуі тиіс. Нақты Индекске қандай саясаттар мен процедуралар жарамдылығын</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Әдістемелерде Индикаторларды есептеуді тоқтату және алып тастау процедурасы көзделген. Әдістемелерде есептеудің күшін жою және тоқтату қажеттілігі нарық құрылымының, өнім сипаттамаларының өзгеруіне, Индикаторды репрезентативті емес ететін өзге де мән-жайларға байланысты болуы мүмкін екендігі көрсетіледі, бұл ретте Мүдделі тұлғалар есептеуді тоқтату мүмкіндігі туралы хабардар.</p> <p>Индикаторларды есептеуді тоқтату, ауыстыру және алып тастау процедурасын сипаттау Биржаның сайтында ашық қолжетімді.</p>

ЕСЕП

БҚКХҮ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>анықтау кезінде Әкімші Мүдделі тұлғалардың және Реттеуші және Ұлттық органдардың пікірлерін ескеруі тиіс.</p> <p>Әкімші осы жазбаша рәсімделген саясат пен процедураларды жариялауды жүзеге асырады немесе барлық Мүдделі тұлғаларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.</p> <p>Әкімшілер Жазылушыларға және Индикаторға сілтеме жасайтын қаржы құралдары бар өзге де Мүдделі тұлғаларға:</p> <p>a) Индикаторға сілтеме жасайтын келісімшарттарда немесе басқа қаржы құралдарында олар сілтеме жасайтын елеулі өзгерістер енгізілген немесе Индикатор есебінің күші жойылған жағдайда ойластырылған баламалы ережелердің болуын;</p> <p>b) Мүдделі тұлғалардың әртүрлі факторлардың, оның ішінде Әкімшіге тәуелді емес сыртқы факторлардың Индикаторды елеулі өзгерту қажеттігіне алып келу ықтималдығының болуы туралы хабардар болуын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауды ұсынуы тиіс.</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Әдістемелерде таңдау немесе баламалы индекске немесе индикаторға көшу жағдайында бөгде консультант-ұйым тартылуы мүмкін процесс көзделген, сондай-ақ Мүдделі тұлғаларға шаралар мен ұсынымдар көзделген.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>Индикаторды есептеу тоқтатылған жағдайда іс-қимылды көздейтін Әкімшілердің жазбаша рәсімделген саясаты мен процедуралары, егер Әкімші оларды орынды және тиісті деп есептесе, мынадай аспектілерді қамтуы мүмкін:</p> <p>а) сенімді баламалы Индикаторды таңдауға арналған критерийлер, мысалы (бірақ осымен шектелмей), қолданыстағы Индикатордың сипаттамаларына мақсатқа сай көлемде қол жеткізуге бағытталған критерийлеріне (мысалы, кредиттік қабілеттілік, баламалы нарықтың жетілгендігі және өтімділігі), Индикаторлар арасындағы айырмашылық, баламалы Индикатор активтер/міндеттемелер бойынша Мүдделі тұлғалардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін көлем; егер қайта қаралатын Индикатор инвестицияланатын болып табылса – мәмілелер бойынша ашық деректердің қолжетімділігі, Мүдделі тұлғаларға әсері және қолданыстағы заңнамаға әсері;</p> <p>б) жаңа Индикаторға жоспарлы көшуді жүзеге асыру үшін қатар Индикаторларды жүргізудің орындылығы (мысалы, бұл мүмкін болған жерде қолда бар</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Әдістемелерде көрсетілген Индикаторларды есептеуді алып тастау немесе тоқтату саясаты мен процедуралары мыналарды қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • өтпелі кезеңнің ұзақтығы; • жауапкершілік саласы; • Мүдделі тұлғалардың ұсынымдары. <p>Егер осы индикаторды есептеу тәртібінде өзгеше көзделмесе, қандай да бір индикаторды есептеу үшін қажетті параметрлері бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күні ішінде мәмілелер немесе өтінімдер болмаған кезде осындай есептеу мақсатында осындай параметрлерді анықтауға болатын соңғы нәтижелі күннің деректері пайдаланылады.</p> <p>Индикаторлар мәндерінің қор нарығының объективті сипаттамаларына барабарлығын қамтамасыз ету мақсатында осы мәндерді Комитет түзетуі мүмкін. Мұндай түзетудің шарттары мен тәртібі Әдістемелерде келтірілген.</p> <p>Егер есеп айырысуды тоқтату қажеттілігі нарық шарттарымен немесе Мүдделі тұлғалардың талаптарымен байланысты болса, есеп айырысуы тоқтатылған Индикаторлар баламалы нұсқаларға ауыстырылады және қисынды мерзім ішінде (қолданыстағы шарттар мен қаржы құралдарын өтеу мерзіміне дейін) Биржа оларды қатар пайдалана алады. Қолданыстағы Индикаторларды есептеудің күшін жою және тоқтату туралы барлық шешімдерді Мүдделі тұлғалармен кеңесулердің қорытындылары бойынша Биржа қабылдайды.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>келісімшарттар мен қаржы құралдары оны пайдалана отырып, бір мезгілде жаңа Индикаторды жариялай отырып орындалуы үшін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қолданыстағы Индикаторды есептеу);</p> <p>с) қолайлы баламаны анықтау мүмкін болмаған жағдайда Әкімші орындауы тиіс процедуралар;</p> <p>d) Индикаторды жүргізу толық тоқтатылған жағдайда – қажет болған жағдайда қолданыстағы келісімшарттарды баламалы Индикаторға көшіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін Индикаторды қалыптастыру жалғасатын уақыт кезеңін анықтайтын саясат;</p> <p>e) оның көмегімен Әкімші Мүдделі тұлғалар мен тиісті Нарықтарды қадағалау органдары мен Ұлттық органдарды (мән-жайларға байланысты) осындай іс-қимылдар үшін Индикаторларға сілтеме жасайтын қаржы құралдарының мерзімдеріне сәйкес келетін уақыт шеңберін және Мүдделі тұлғаларға берілетін хабарламаларға қойылатын талаптарды қоса алғанда, таңдау және баламалы Индикаторға көшу процесіне тартатын процесс.</p>		
<p>14. Қағидат: Мәліметтер беретін тұлғаның әдеп кодексі – Қағидат қолданылмайды</p>		

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
15. Қағидат: Деректерді жинауға ішкі бақылау жүйесі – Қағидат қолданылмайды		
16. Қағидат: Наразылықтармен жұмыс істеу процедуралары – Сәйкес келеді		
<p>Әкімші өзі өлшеуге тиіс базалық Активке қатысты нақты қалыптастырылған Индикатордың репрезентативтілігіне, нақты қалыптастырылған Индикаторға қатысты Әдістемені және Индикаторды қалыптастыруға қатысты Әкімшінің басқа да шешімдерін пайдалануға қатысты күмәндарды қоса алғанда, Мүдделі тұлғалар наразылықтармен жұмыс жөніндегі жазбаша рәсімделген саясатты әзірлеуі және жариялауды жүзеге асыруы немесе қол жетімділігін қамтамасыз етуі тиіс.</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Наразылықтармен жұмыс істеу рәсімдері Биржаның қызметіне клиенттердің қанағаттануы әдістемесімен регламенттелген.</p> <p>Наразылық-талап қою жұмысын жүзеге асыру ережелерімен Биржа наразылықтармен жұмыс істеу тәртібін белгіледі, оған сәйкес барлық мүдделі тұлғалар өз өтініштерін не наразылықтарын оларды уақтылы қарау және жою үшін Биржа атына бере алады</p>
<p>Наразылықтармен жұмыс істеу процедуралары:</p> <p>а) пайдаланушыға ыңғайлы шағым беру әдісімен, мысалы, Мәліметтерді берудің электрондық процесі арқылы шағым беруге рұқсат етуге;</p> <p>б) шағым нысанасымен байланысты болуы мүмкін немесе болуы мүмкін қызметкерлермен байланысты емес қызметкерлердің Индикаторды қалыптастыру процесіне қатысты шағымды уақтылы және адал алу және зерделеу үшін процедураларды,</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Барлық шағымдар, сұрау салулар немесе сұрақтар Биржаға тікелей жазбаша түрде, электрондық пошта, телефон арқылы немесе сайт арқылы кері байланыстың арнайы нысанының көмегімен (пайдаланушылар үшін қолайлы форматта ұсынылған) жіберіледі. Индикаторларды есептеу және қалыптастыру мәселелеріне қатысты нысанда көрсетілген ақпарат infodep@kase.kz, index@kase.kz мекен-жайларына жіберіледі және АжСД-ға беріледі. Барлық шағымдар мен сұрау салуларды Биржа қызметкерлері ақылға қонымды мерзімде қарайды.</p> <p>Барлық құжаттарды, оның ішінде шағымдарға қатысты құжаттарды, шағым жіберген тұлғаны қоса, сақтау қолданылатын ұлттық заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>шағымды жіберген адамға және басқа да тиісті тараптарға шағымды зерделеу нәтижелерін ақылға қонымды мерзімде және шағымдармен жұмыс жөніндегі барлық жазбаларды сақтауды қамтуға;</p> <p>с) Әкімшінің басқару органдарына шағымдарды (қажет болған жағдайда) беру жөніндегі процедураларды қамтуға;</p> <p>d) наразылықтарға қатысты барлық құжаттарды, оның ішінде наразылық жіберген тұлға берген құжаттарды және қолданылатын ұлттық заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес Әкімшінің өзінің жазбаларын кемінде бес жыл кезең ішінде сақтау туралы талапты қамтуға тиіс.</p> <p>Ресми наразылық болып табылмайтын Индикаторды қалыптастыру туралы дауларды Әкімші оның тиісті стандартты процедураларына сілтеме жасау жолымен реттейді. Егер наразылық нәтижесінде Индикатор қайта қалыптастырылса, Әкімші оны жариялауды жүзеге асыруға немесе жазылушылар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ Әдістемеде көрсетілгендей қысқа</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Әдістемелердегі өзгерістер немесе Индикаторларды қайта қарау туралы барлық ақпарат ресми баспасөз хабарламаларында жарияланады, онда да өзгерістер енгізу себебі көрсетіледі және тиісті түсіндірмелер беріледі.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
мерзімде оны жариялауды жүзеге асыруға немесе Мүдделі тұлғалар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс.		
17. Қағидат: Аудиторлық тексерулер – Сәйкес келмейді		
<p>Әкімші тиісті тәжірибесі бар және мерзімді тексерулер жүргізу және Әкімшінің өзі мәлімдеген критерийлер мен осы Қағидаттарды орындауы тұрғысынан есептер дайындау мүмкіндігі бар тәуелсіз ішкі немесе сыртқы аудиторды тағайындауға тиіс. Аудиторлық тексерулердің кезеңділігі Әкімші қызметінің мөлшері мен күрделілігіне сәйкес келуі тиіс.</p>	<p><i>Ауытқулар бар</i></p>	<p>ІАҚ БҚКХҰ Қағидаттарының талаптарын сақтау бойынша тиісті есептерді тексеру және дайындау процедураларын орындамайды. Бұдан басқа, Биржа Биржаның БҚКХҰ Қағидаттарының талаптарына сәйкестігі туралы тәуелсіз пікірді қалыптастыру үшін тәуелсіз сыртқы аудиторды тартпады.</p>
<p>Әкімші анықтаған мүдделердің қазіргі немесе әлеуетті қақтығыстарының деңгейіне сәйкес келген жағдайда (реттеуді немесе қадағалауды тиісті Реттеуші орган болып табылмайтын Ұлттық орган өзге түрде жүзеге асыратын Индикаторлардан басқа), Әкімші тиісті тәжірибесі бар және мерзімді тексерулер жүргізу және Әкімшінің ол мәлімдеген Әдістемені орындауы тұрғысынан есептер дайындау мүмкіндігі бар тәуелсіз сыртқы аудиторды тарта алады. Аудиторлық тексерулердің кезеңділігі Индикаторды қалыптастыру жөніндегі Әкімші қызметінің мөлшері мен күрделілігіне, сондай-ақ Индикаторды Мүдделі тұлғалардың пайдалану</p>	<p><i>Ауытқулар бар</i></p>	<p>Биржаның БҚКХҰ қағидаттарының талаптарына сәйкестігі туралы тәуелсіз пікірді қалыптастыру үшін Биржа тәуелсіз сыртқы аудиторды тартпады. Биржа Басқармасы ІАҚ-қа БҚКХҰ қағидаттарын сақтау бойынша ауытқулар мәніне процедуралар жүргізуді ұсынды.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
кеңдігі мен тереңдігіне сәйкес келуі тиіс.		
18. Қағидат: Индикатор құжатнамасы. Сәйкес келеді		
<p>Әкімші қолданылатын ұлттық заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес бес жыл бойы мынадай жазбаларды сақтауы тиіс:</p> <p>a) нарық бойынша барлық деректерді, ұсынылатын мәліметтерді және өзге де деректер көздерін және Индикаторды қалыптастыру кезінде пайдаланылатын ақпаратты;</p> <p>b) Индикаторды қалыптастыру үшін Әкімшінің сараптамалық пайымын әзірлеу нәтижелерін;</p> <p>c) стандартты процедуралар мен Әдістемелердегі өзге де өзгерістер немесе нарықтардағы стресс немесе құлау кезеңдерінде жасалғандарды қоса алғанда, олардан ауытқуларды;</p> <p>d) Индикаторды қалыптастыру процесіне қатысқан барлық тұлғалар бойынша сәйкестендіру мәліметтерін;</p> <p>e) кіріс деректерге қатысты сұраулар мен жауаптар.</p> <p>Егер бұл жазбалар реттелетін нарықта немесе Биржада сақталса, Әкімші жазбаларды беру туралы тиісті жазбаша келісім болған жағдайда, осы</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>Биржа Индикаторларды есептеу жөніндегі барлық ақпаратты Биржаның бэк-офистік жүйесінде сақтайды. Бұл ақпарат есеп айырысуларда пайдаланылатын мәмілелер мен өтінімдердің параметрлерін, есеп айырысу базаларын, коэффициенттерді, еркін айналыстағы бағалы қағаздардың үлесін, Индикаторларды есептеу үшін өкілетті тізімдерді қамтиды. Биржаның бэк-офистік жүйесінде сақтау уақыты бойынша шектеулер көзделмеген. Әдістемелердегі өзгерістер, пайдаланушылардың наразылықтары, сараптамалық пікір нәтижелері, Индикаторды қалыптастыру процесіне қатысқан барлық тұлғалар бойынша мәліметтер және өзге де ақпарат қолданылатын ұлттық заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес Биржаның ішкі құжаттарында анықталған құжаттаманы жүргізу бойынша тәртіппен сақталады.</p>

ЕСЕП

БҚКХҮ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>жазбаларды сақтауды осы Қағидатқа сәйкес деп есептей алады.</p> <p>Берілетін мәліметтер негізінде қалыптастырылатын Индикаторлар үшін мынадай қосымша Қағидат қолданылады:</p> <p>Мәліметтер беретін тұлғалар қолданылатын ұлттық заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес бес жыл бойы мынадай құжаттар мен жазбаларды сақтауы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> a) кіріс деректерін беруді реттейтін процедуралар мен әдістемелерді; b) Әкімшіге берілген қандай да бір деректерді немесе ақпаратты ұсынған немесе өзгеше түрде генерациялаған кез келген басқа тұлғалар бойынша сәйкестендіру деректерін; c) ұсынылған мәліметтер мен берілген мәліметтерді қадағалауға жауапты тұлғалардың аты-жөндері мен функцияларын; d) Индикаторды қалыптастыру процесіне байланысты деректерді ұсынатын тұлғалармен хат алмасуды; e) Әкімшімен барлық өзара іс-қимылды; f) Әкімшіге берілген деректерге немесе ақпаратқа қатысты барлық алынған сұрау салуларды; 	<p><i>Қолданылмайды</i></p>	<p>Индикаторлар ұсынылатын мәліметтерге байланысты емес, сондықтан бұл қағидат Биржаға қолданылмайды.</p>

ЕСЕП

БҚКХҰ қағидаты	Сәйкестік	Сипаттамасы
<p>g) мүдделер қақтығысы туралы мәлімдемелерді және Индикаторға байланысты құралдар үшін жиынтық тәуекелдерді;</p> <p>h) Индикаторға байланысты құралдардың аудиторлық тексерулер мен зерттеулерді жеңілдету мақсатында жекелеген трейдерлерге/жекелеген терминалдарға әсерін;</p> <p>i) ұсынылатын мәліметтерге қатысты сыртқы/ішкі аудиторлық тексерулер бойынша қорытындыларды (бар болса), анықталған проблемаларды жою жөніндегі шараларды және оларды іске асыру мәртебесін.</p>		
19. Қағидат: Реттеуші органдармен ынтымақтастық – Сәйкес келеді		
<p>Тиісті тараптар реттеу немесе қадағалау функцияларын жүзеге асыратын тиісті Реттеуші органдардың сұрау салуы бойынша дереу ұсыну үшін тиісті құжаттардың, Индикаторлар құжатнамасының және осы Қағидаттарда көзделген өзге де құжаттардың дайындығын қамтамасыз етуге тиіс.</p>	<p><i>Сақталады</i></p>	<p>"Қаржы индикаторларын қалыптастыру" бизнес-процесінің картасында БҚКХҰ қағидаттарын сақтауға жататын құжаттар тізілімін жүргізу тәртібі көзделген.</p>